

КІТАП ОҚУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛАЙ КӨТЕРЕМІЗ?

8-БЕТ | САРАПТАМА



ТАЯУ ШЫҒЫСТАҒЫ ШЫРҒАЛАҢ

9-БЕТ | ШАРТАРАП



№26
(4924)
Бейсенбі
5 наурыз
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



4-6

БОЛАШАҚҚА – НЫҚ СЕНІММЕН!

Астанада «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін» атты жалпыұлттық коалициясының елордалық филиалы бастамасымен 2026 жылғы 15 наурызда өтетін республикалық референдумға дайындық аясында жаңа Конституцияны қолдауға арналған патриоттық акция өтті. Патриоттық іс-шараға қала жастарының, волонтерлердің, қоғамдық белсенділер мен спортшылардың 1000-нан астам өкілі қатысты. Акция аясында қатысушылар Қазақстан Республикасының туын және жаңа Конституцияны қолдайтын туын желбіретіп, символдық «белгі қою» бейнесінде орналасып, алдағы референдумға қолдау көрсетті.

ҚАУІПСІЗДІКТІ КҮШЕЙТУДІ ТАПСЫРДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-министрге, күштік құрылымдардың басшыларына, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры мен ұлттық компаниялардың жетекшілеріне, сондай-ақ аймақ әкімдеріне тіршілікті қамтамасыз ететін нысандардың, көлік, энергетика және коммуналдық инфрақұрылымның, соның ішінде әуежайлардың, теңіз және өзен порттарының қауіпсіздік шараларын күшейтуді тапсырды. Аталған жұмысты үйлестіру Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысына жүктелді.

БАСҚА УЧАСКЕДЕ ҚАЛАЙ ДАУЫС БЕРУГЕ БОЛАДЫ?

Елімізде референдумда дауыс беру кезінде азаматтар тіркеу орны бойынша емес, өзіне ыңғайлы кез келген сайлау учаскесінде дауыс беруге мүмкіндік беретін ресми құжат – есептен шығару куәлігін пайдалана алады.

2026 жылғы 15 наурызға белгіленген жаңа Конституция жобасы бойынша республикалық референдумға байланысты есептен шығару куәліктерін алу тәртібі төмендегідей: берілетін мерзімі: 2026 жылғы 27 ақпаннан бастап 14 наурыз күні сағат 18:00-ге дейін (қоса алғанда).

Қайдан алуға болады: тұрақты тіркеу орны бойынша учаскелік сайлау комиссиясынан (УСК). Қажетті құжаттар: жеке өзі келіп, жеке куәлігін көрсетуі қажет (eGov Mobile қосымшасындағы электрондық нұсқасын пайдалануға болады) және жазбаша өтініш беру керек. Өкіл арқылы алу: сенімхат негізінде алуға болады. Мұндай сенімхатты нотариалды куәландыру талап етілмейді.

Маңызды шектеулер мен ережелер: бір қала шегінде: бір елді мекеннің ішінде басқа учаскеде дауыс бергісі келетін азаматтарға есептен шығару куәлігі берілмейді. Құжат жоғалған жағдайда: куәлік қайта қалпына келтірілмейді, телнұсқа берілмейді. Қалай дауыс береді: дауыс беру күні таңдалған учаскеге есептен шығару куәлігін және жеке куәліктің түпнұсқасын (немесе электрондық нұсқасын) көрсету қажет. Азамат сол жерде тізімге енгізіледі. Жарамдылық мерзімі: құжат бір рет қана пайдаланылады және дауыс бергеннен кейін комиссия тарапынан алынады.

Есептен шығару куәліктерін беру дауыс беру басталардан бір күн бұрын жергілікті уақыт бойынша сағат 18:00-де тоқтатылады.

ЭКОАКЦИЯ ӨТТІ

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында елордадағы «Қазақ еліне мың алғыс» монументі аумағында тазалық іс-шарасы өтті.

Біріккен музейлер дирекциясының ұжымы «Қазақ еліне мың алғыс» монументі аумағындағы мұзды ойып, ескерткіш маңайын тазалады.

Таза Қазақстан
ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

Ал қаланың коммуналдық қызметтері қар күреу жұмыстарын тәулік бойы жүргізіп жатыр. Өткен түнде елордадан қар полигондарына 2 771 ауыр жүк көлігінің рейсі арқылы 45 633 текше метр қар шығарылды. Кеше қаланы қар мен көктайғақтан тазартуға шамамен 1 650 арнайы техника мен 2 998 жол жұмысшысы тартылды.

№26 (4924) 05/03/2026 Бейсенбі

АҚОРДА



СЕНІМ ГРАМОТАЛАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Ақордада Қазақстан Президентіне сегіз мемлекеттің төтенше және өкілетті елшілерінің сенім грамоталарын тапсыру рәсімі өтті.

Сенім грамоталарын Норвегия Корольдігінің елшісі Хелена Санд Андресен, Аргентина Республикасының елшісі Энрике Игнасио Феррер Виейра, Гана Республикасының елшісі Кома Стим Джеху Аппьях, Мали Республикасының елшісі Сейду Камиссоко, Гамбия Республикасының елшісі Алкали Фанка Конте, Бангладеш Халық Республикасының елшісі Мұхаммед Назрул Ислам, Шри-Ланка Демократиялық Социалистік Республикасының елшісі Шобини Гунасекера, Босния және Герцеговина елшісі Иван Орлич тапсырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев дипломаттарға Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси даму перспективасы жөнінде әңгімеледі. «Сыртқы сын-қатерлерге қарамастан Қазақстан аймақтағы тұрақты әрі экономикасы қарқынды ел саналады. Дегенмен біз қол жеткізген жетістіктерге тоқмейілсімей, экономикалық реформаларды дәйекті түрде жалғастырып келеміз. 15 наурыз күні елімізде жаңа Конституция бойынша жалпыхалықтық референдум өтеді. Мемлекетті одан әрі өркендету жолындағы бұл маңызды құжатты халқымыз қолдайды деп ойлаймыз. Жаңа Конституция Қазақстанда қолға алынған іргелі өзгерістерге берік негіз қалап, демократияландыру мен жан-жақты жаңғырту ісіне қомақты үлес қосады, сол арқылы елімізді дамытуда тың мүмкіндіктерге жол ашып, халықтың әл-ауқатын арттырады деген үміттеміз» деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстанның бейбіт сыртқы саясат жүргізетінін атап өтті. Президенттің айтуынша, әлемдегі барлық кикілжіңдер мен қақтығыстар дипломатиялық құралдар арқылы тек бейбіт жолмен шешілуге тиіс. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Шығанақ елдеріне әрдайым тілектес екенін және шиеленістің тезірек шешілуіне үміт артатынын жеткізді. Кездесу соңында Президент шет мемлекеттер елшілерінің жауапты қызметіне табыс тіледі.

ВОКЗАЛ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

«Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін» жалпыұлттық коалициясының мүшелері Астанадағы «Нұрлы жол» теміржол вокзалының қызметкерлерімен кездесіп, жаңа Конституция жобасын түсіндірді, деп хабарлайды Elordainfo.kz.

Жалпыұлттық коалиция мүшелерінің қатарында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Марат Бәшімов, Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден, Астана қаласы мәслихатының депутаты Владислав Сергеев, заң ғылымдарының докторы, профессор Ермек Әбдрасулов бар.

«Жаңа Конституция жобасы Мемлекет басшысының жасап жатқан реформаларының логикалық жалғасы деп ойлаймын. Ата Заңда барлық азаматтың құқықтары қарапайым тілмен жазылған. Оны жазуға 130-дан астам сарапшы қатысты. Олардың қатарында депутаттар, заңгерлер, филологтар, журналистер және т.б. бар. Құжатта қоршаған ортаны қорғау, еңбек адамдарының еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері қарастырылған. 15 наурызда өтетін референдумға отбасыларыңызбен бірге қатысуларыңызды сұраймыз» деді Табиғат Зейнұлқабден.

«Нұрлы жол» вокзалы Астананы өзге қалалармен байланыстыратын пойыздардың 60 пайыздан астамын қабылдайды. Мұнда бүгінгі таңда 220 қызметкер жұмыс істейді. «Жаңа Конституцияның преамбуласында Қазақстанның алда тұрған мақсаттары көрсетілген. Жаңа жобада адамның құқықтары қалай қорғалу керектігі жазылған. Мемлекет білімге, ғылымға, инновацияға көп көңіл бөліп жатыр. Жаңадан құрылатын Халық кеңесі, Құрылтай еліміздің ерекшелігін білдіреді» деді профессор Ермек Әбдрасулов.

Кездесу соңында жалпыұлттық коалиция мүшелері «Нұрлы жол» вокзалының қызметкерлерін 15 наурызда өтетін референдумға қатысуға шақырды.

Сабина КӘКІМЖАН

АДАМ КАПИТАЛЫН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ЖОБА

«Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін» жалпыұлттық коалициясының өкілдері Астанадағы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің қызметкерлерімен кездесті.

Іс-шараға Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Татьяна Савельева, Amanat партиясы Астана қалалық филиалының атқарушы хатшысы Мұхаммед Болысбек және Астана мәслихатының мүшелері Азамат Айтхожин мен Қанат Естек қатысып, жаңа Конституция жобасының және оның негізгі ережелерінің маңызы туралы айтты.

Осы орайда Татьяна Савельева былай деп атап өтті: «Жаңа Конституция жобасы саяси институттардың атаулары өзгеріп жатқандықтан емес, елдің стратегиялық негізі түбегейлі өзгеріп жатқандықтан қызықты. Адам құқығы мен бостандығы қазір алдыңғы қатарда. Алдыңғы Конституция мемлекеттілікті орнатуға және жұмыс істейтін жүйені құруға бағытталған болса, қазір бәрі жеке тұлғаның мүддесіне негізделіп құрылған. 2-бөлім ел үшін стратегиялық басымдыққа айналып келе жатқан адами капиталды дамытуға арналған».

Ал Amanat партиясы Астана қалалық филиалының атқарушы хатшысы Мұхаммед Болысбек жаңа Конституция жобасының мемлекеттілікті одан әрі нығайтуға бағытталғанына назар аударды.

«Құжат қоғамның даму мен жаңаруға деген сұранысын көрсетеді, ал азаматтардың қолдауы – реформаларды сәтті жүзеге асырудың негізгі факторы. Қоғаммен ашық диалог бізге жобаның негізгі ережелерін түсіндіруге және өзекті сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік береді» деп түйіндеді.

3 МЫҢ АУЫЛ САПАЛЫ БАЙЛАНЫСПЕН ҚАМТЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақтелеком» АҚ басқарма төрағасы Бағдат Мусинді қабылдады. Президентке компанияның қызметі мен соңғы екі жылда жүзеге асырған негізгі инфрақұрылымдық және технологиялық жобаларының қорытындылары жөнінде баяндалды.

Бүгінде «Қазақтелеком» 1,75 миллионнан астам үй шаруашылығына қызмет көрсетеді. Компания ел аумағында талшықты-оптикалық желіні жүйелі түрде кеңейтіп, телекоммуникация нарығының негізгі сегменттерінде көшбасшылық орнын сақтап отыр. Елді мекендерді байланыспен қамту бойынша ауқымды жұмыс жалғасуда. 2027 жылдың соңына дейін 1 миллионнан астам тұрғыны бар 3 мыңнан аса ауылды сапалы байланыс қызметімен қамтамасыз ету жоспарланған.

Мемлекет басшысына «Каспий ТОБЖ» халықаралық жобасының жүзеге асырылуы туралы ақпарат берілді. Аталған жоба Ақтау – Сумгаит бағытында суасты талшықты-оптикалық байланыс желісін салуды көздейді. Бұл бастама Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттырып, Еуропа мен Азия арасында цифрлық дәліз қалыптастырмақ.

Кездесу барысында деректерді өңдеу инфрақұрылымын дамыту мәселесіне ерекше назар аударылды. Екібастұз қаласында «Деректерді өңдеу орталығы алқабы» стратегиялық жобасы аясында қуаты кезең-кезеңімен ұлғайтылатын заманауи орталық құрылуда. Бұл жоба халықаралық технологиялық компанияларды тартуға және елдің инвестициялық тартымдылығын арттыруға жол ашады.

Бағдат Мусиннің айтуынша, жасанды интеллект технологияларын енгізуге басымдық беріледі. Корпоративтік процестерді автоматтандыруға арналған ЖИ-агенттерді әзірлеу, киберқауіпсіздік шешімдерін жетілдіру және мемлекеттік секторды цифрландыру бойынша бірқатар жоба қолға алынды.

Қасым-Жомарт Тоқаев шағын қалалар мен ауылдарды сапалы байланыспен және интернетпен қамтудың маңызына назар аударды. Президент цифрландыру мен жасанды интеллектіні дамыту салаларында инвестициялық жобаларды уақтылы жүзеге асыруды тапсырды.



ҮКІМЕТ

7 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АВТОКӨЛІК ДӘЛІЗІ ҚҰРЫЛДЫ

Премьер-министр Олжас Бектенов автожол саласын дамыту мәселелері бойынша Үкімет отырысын өткізді. Онда Мемлекет басшысының Үкіметтің кеңейтілген отырысында берген тапсырмаларын орындауға, оның ішінде жаңа автожол жобаларын іске асыру, өңіраралық желіні дамытуға назар аударылды.

Жиында көлік министрі Нұрлан Сауранбаев саланың ағымдағы жағдайы мен даму жоспарлары туралы, «ҚазАвтоЖол» ҰК басқарма төрағасы Дархан Иманашев жол жұмыстарын жүзеге асыру және цифрлық шешімдерді енгізу туралы, Жол активтері сапасы ұлттық орталығының басшысы Болатбек Айтбаев жол-құрылыс жұмыстарының сапасын бақылау туралы баяндады.

Қазақстанда 95 мың шақырым автокөлік жолдары бар. Оның ішінде 25 мыңы – республикалық жолдар. Бұл жолдар Көлік министрлігіне қарайды. Нормативтік жағдайы 94% құрайды. Ал 70 мың шақырым облыстық және аудандық жолдар жергілікті органдарға қарайды. Оның нормативтік жағдайы – 91%. Республикалық маңызы бар жолдарда нормативтік жағдай шамамен бір деңгейде сақталған. Ал жергілікті жолдар бойынша батыс өңірінде жолдардың нормативтік деңгейі төмендеу.

«Алдағы үш жылдың ішінде жергілікті органдармен бірге өңірлік жолдардың жұмыстарын 5 есе көтереміз. Жұмыстың нәтижесінде 25 мың шақырым өңір жолдарын нормативтік деңгейін 95 пайызға дейін көтереміз. Бұл жұмыстарды атқару үшін ведомстволық нормативтерге тиісті өзгерістер қабылданды. Қазіргі уақытта стандарттарға өзгерістер енгізу жұмысы аяқталып жатыр. Сонымен қатар, өткен аптада әкімшіліктердің өкілдерімен жиналыс өткізілді. Түсіністік бар, жергілікті органдар жұмыстарына кірісіп жатыр. Республикалық жолдарға келер болсақ, бұл жолдардың екі рөлі бар. Бірінші, өңірлер арасында байланыс жасау. Екінші, халықаралық транзитті дамыту. Бүгінгі таңда Қазақстанда 7 автокөлік дәлізі қалыптасты. Өткен жылдары 4 үлкен жобаны аяқтадық: «Қалбатау – Майқапшағай», «Талдықорған – Өскемен», «Атырау – Астрахань» және «Қарағанды – Алматы». Бұл жолдардың жалпы ұзындығы – 2000 шақырым. Көлік қозғалысы өсіп жатыр және кейбір дәліздер үлкен жүктемеде жұмыс істейді. Сондықтан, алдымызда жаңа көп жобалар бар» деді Көлік министрі Нұрлан Сауранбаев.

Министр осы салаға қатысты бірқатар мәселелерді де атап өтті. «Жол жабыны туралы бөлек айту керек. Қазіргі уақытта асфальт-бетон жабыны 8 тоннаға дейінгі осьтік жүктемеге есептелген. Көп интенсивті қозғалысқа және қатты ыстыққа шыдамайды. Осыған байланысты жазғы мерзімнің күндізгі уақытында жүк көліктерінің қозғалысына шектеу қойылады. Бұл транзиттің дамуына кедергі келтіреді. Ал цемент-бетон жабыны ауыр жүктемеге төзімді. Қызмет ету мерзімі 40 жылға дейін жетеді. Осындай жағдайда транзиттік дәліздерде жол жабының дұрыс таңдау маңызды. Жөндеу жұмыстарына келер болсақ, жол құрылысымен қатар, үш жылдық жоспар аясында жөндеу жұмыстары да қарастырылған. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 2029 жылға дейін 10 мың шақырым жолға орташа жөндеу жүргізіледі. Қазіргі таңда оның 5 мың шақырымы жөнделіп бітті. Алдағы үш жылда қалған 5 мың шақырым жол жөнделеді. Осылайша қойылған міндет толық орындалады» деді ол.

Автожол жобаларын іске асыру үшін елімізде негізгі құрылыс материалы бар. Бұл құрылысты толық қамтамасыз етуге және жұмыс сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Инертті материалдар шектеулі өңірлерде ірі өндіріс орындарының техногендік минералдық қалдықтары (ТМҚ) пайдаланылады. Битумға келер болсақ, жолдың сапасы осы материалға тікелей байланысты. Біріншіден, отандық өндірушілер битуммен толық қамтамасыз етген. Екіншіден, жол сапасын көтеру үшін құрылысшылар мұнай өңдеу зауыттарымен бірігіп жаңа стандартқа көшуді ұсынды. Бұл шешім Үкімет тарапынан қолдау тапты. Енді жаңа жобаларда модификацияланған битум қолданылады. Зауыттар ұлттық стандарттарға сәйкес бұл өнімді кезең-кезеңімен өндіруге көшеді.

УАҚЫТ ТАЛАБЫНДАҒЫ ТАЛПЫНЫС



Таяуда Астана қаласы Сарыарқа аудандық Ардагерлер кеңесінің кезекті VI есеп беру-сайлау конференциясы болып өтті. Оның жұмысына Сарыарқа ауданының әкімі Жанасыл Шәукетаев пен Астана қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов қатысып, сөз сөйледі. Олар Ардагерлер кеңесінің есепті мерзімі ішіндегі атқарған жұмысына оң баға беріп, жоғары ұйымшылдық деңгейінде өткендігін атап өтті.

Конференцияда Ардагерлер кеңесінің төрайымы Үляш Құсайынованың 2022 жылдан 2025 жылға дейінгі кезеңдегі атқарған жұмыстары жайлы есепті баяндамасы тыңдалды. Аудандық Ардагерлер кеңесінің пленумдарында, төралқа отырыстарында заман талабына сай өзекті мәселелер ұдайы қаралып отырды. Соның нәтижесінде ардагерлер қозғалысын жандандыру, зейнеткерлерді әлеуметтік-тұрмыстық түрлі ахуалдар жағынан қорғау, олардың қоғамдық-саяси өмірге белсене қатысуын қамтамасыз ету тұрақты түрде жүзеге асырылды. Есепті кезең аралығында Президиумның 16 мәжілісі өткізілді, 5 пленумда уақыт талабы үрдісіндегі маңызды мәселелер талқыланды. Тек қана өткен жылдың өзінде заңнамалық тұрғыдан кеңес берушілердің қабылдауында 425 адам болды. Телефон арқылы 250 адамға ауызша заңнамалық жәрдем көрсетілді.

Конференцияда ұжымның есепті кезеңдегі жұмысы қанағаттанарлық деп бағаланды. Жаңа басшылық құрамы және Астана қалалық Ардагерлер кеңесінің XII есеп-беру сайлау конференциясына делегаттар сайланды. Конференция Сарыарқа аудандық Ардагерлер кеңесінің төрайымы қызметіне Үляш Құсайынованы бірауыздан қайтадан сайлады.

СЕРІК ШАЙМАН,
Астана қаласы Сарыарқа аудандық Ардагерлер кеңесі Президиумының мүшесі

АТА ЗАҢ ӨЗГЕРІСТЕРІ – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ

«Wyndham Garden Astana» қонақ үйі қызметкерлерімен жаңа Конституцияға байланысты кездесу өтті. Іс-шараға Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия мүшесі, жоғары санаттағы акушер-гинеколог, Есіл ауданы бойынша жалпыұлттық коалиция мүшесі Сұңқар Хангельдина және Астана қаласы мәслихатының депутаты Ғабит Тәжімұратов қатысты.

Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ



Кездесу барысында спикерлер Конституциялық реформалардың мән-маңызына тоқталып, олардың ел дамуына, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сондай-ақ мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге бағытталғанын атап өтті.

– Жаңа Конституциялық өзгерістер – бұл әділетті қоғам құруға жасалған маңызды қадам. Әсіресе, отбасы институтын нығайту, әйелдердің құқықтарын қорғау, әлеуметтік саясатты жетілдіру бағытындағы бастамалар ел болашағы үшін аса маңызды. Әрбір азамат Ата Заңда бекітілген құқықтары мен міндеттерін терең түсініп, қоғам өміріне белсенді қатысуы тиіс, – деді Сұңқар Хангельдина.

Ал Ғабит Тәжімұратов Конституциялық реформалардың жергілікті басқару жүйесіне тоқталып, қонақ үй қызметкерлерін 15 наурызда өтетін референдумға атсалысуға шақырды.

– Жаңа Ата Заңдағы жаңа бағыттар халық пен билік арасындағы байланысты нығайтады. Бұл – ашықтық пен есеп берушілікті арттыруға бағытталған нақты қадамдар. Әрбір өзгеріс халықтың әл-ауқатын жақсартуға қызмет етеді, – деді.

Кездесу барысында қонақ үй қызметкерлері өз сұрақтарын қойып, пікір алмасты. Іс-шара еркін форматта өтіп, қатысушылар жаңа Конституцияның негізгі бағыттары жөнінде жан-жақты ақпаратқа қанықты.

Астана қаласындағы «№109 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ базасында «Заманауи зертханалық жиынтықтар мен STEAM ықпалдастығы» тақырыбында республикалық ғылыми-тәжірибелік семинар өтті. Семинарға Абай облысы, Ақтөбе қаласы, Жамбыл облысы, Жетісу облысы, Қарағанды қаласы және Шығыс Қазақстан облысынан білім беру ұйымдарының өкілдері қатысты.

STEAM СЕМИНАРЫ ӨТТІ



Іс-шара бастауыш білім беру мазмұнын жаңғыртуға, тәжірибеге негізделген оқыту мәдениетін дамытуға және заманауи зертханалық құралдарды оқу-тәрбие үдерісіне тиімді енгізу мәселелерін талқылауға бағытталды. Бұл өз кезегінде білім беру саласындағы тәжірибе алмасуға, педагогтердің кәсіби диалогын кеңейтуге және әдістемелік ынтымақтастықты нығайтуға мүмкіндік берді.

Семинар бағдарламасы бірнеше бөлімнен тұрды. Алдымен инновациялық жобалар көрмесі мен тақырыптық алаңдар жұмыс істеді. Онда ұлттық өнер мен технологияның сабақтастығы, робототехника элементтері, зертханалық тәжірибелер және STEAM бағытындағы мүмкіндіктер таныстырылды. Семинар аясында практикалық бөлімде ашық сабақтар мен шеберлік сыныптары ұйымдастырылды.

Пленарлық отырыста инновациялық оқыту тәсілдері мен оқу-тәжірибелік ортаның артықшылықтары талқыланды. Ал теориялық және практикалық бөлімдерде заманауи зертханалық жұмыстардың ғылыми-әдістемелік қыры, цифрлық құралдарды қолдану мүмкіндіктері, жаратылыстану бағытындағы ашық сабақтар мен шеберлік сыныптары ұсынылды.

Іс-шара соңында қатысушылар пікір алмасып, білім беру саласындағы алдағы даму бағыттарын айқындады. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай семинарлар бастауыш білім беруде теория мен тәжірибенің сабақтастығын нығайтып, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға ықпал етеді.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ АСТАНА ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы №920 қаулысымен бекітілген жекешелендіру объектілерін сату қағидаларына сәйкес Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы 2026 жылғы 8 сәуірде сағат 16:00-де коммуналдық мүлікті жекешелендіру бойынша көпшілік тыңдаулар өткізеді.

«Журналистерді (бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін) аккредиттеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2024 жылғы 20 тамыздағы №367-НҚ бұйрығына сәйкес, БАҚ өкілдерін аккредиттеу үшін astana@maslihat01.kz электрондық поштасына 2026 жылғы 07 сәуір сағат 18:00-ге дейін ресми сұраныс жіберу қажет.

Анықтама телефондары: 55-66-37, 55-66-31

Т.ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

ЭКО-ХАБТАҒЫ ЕРЕКШЕЛІК

Елордада «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында мектеп оқушыларына «Қалдықтарды дұрыс утилизациялау және сапалы тұтыну» тақырыбында интерактивті кездесу ұйымдастырылды. Астана қаласы әкімдігінің Орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты №8 көпшілік кітапхана мен елордалық Эко-Хаб бірлесе өткізген іс-шараға С.Сейфуллин атындағы №80 мектеп-гимназиясының 8-сынып оқушылары қатысты.

Райхан РАХМЕТОВА

Жиын барысында «Қоқыс? Екі рет ойла!» эко-диалогы өткізіліп, кездесу форматы интерактивті, яғни көрнекі мысалдар, пікір алмасу түрінде өтті. Балаларға қалдықтардың қалай пайда болатыны, оларды дұрыс жою маңызы, күнделікті әдеттердің қала экологиясына тигізер әсері түсіндіріліп, оқушылар да көкейдегі сұрақтарын қойды. Педалін айналдырып, тепкен кезде алдыңғы бөлігіндегі құтыда бөтелке қақпақтарын майдалап, уақтайтын арнайы велосипедті пайдаланып көрді. Сонымен қатар мамандар қағаз, алюминий, бөтелке, әйнек және тағы басқа да қайта өңдеуге болатын заттар мен оларды Астанада қай жерде ақылы түрде өткізуге болатыны туралы ақпараттар берді.

– Біздің орталығымыз Алматыда 2018 жылы ашылған, Астанада былтыр қыркүйекте осы хабты аштық, содан бері елорда әкімдігі тарапынан жақсы қолдау көрсетіліп келеді. Мәселен, осы хабтың ғимаратына әкімдіктің арқасында қол жеткіздік. Мұның ішінде көріп тұрғаныңыздай, бәрі де эко және қайта өңделген өнімдерден жасалған орындықтар, үстелдер, қабырғадағы картиналар және басқа да дүниелер пластик бөтелке және өзге де заттарды қайта өңдеу арқылы дайындалған. Мұнда оқушылар, студенттер, балабақша бүлдіршіндері, олардың ұстаздары үшін, мекеме қызметкерлері үшін де жасыл экология тақырыбында дәрістерін, шеберлік сабақтарын, викториналар ұйымдастырамыз. Басты мақсатымыз – халықтың экологиялық мәдениетін арттыру, табиғатқа зиянды қалдықтардың салдарын азайту, – дейді ECONetwork Астана қаласы бойынша өкілдігінің басшысы Гүлнар Хан.



Эко-Хабта өткен кездесуден кейін балаларға №8 көпшілік кітапханада «Эко әлем кітаптар бетінде» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

– Кітапхана 2024 жылы елорда тұрғындары үшін ашылған. Қорында 5000-нан астам кітап бар. Күніне 60-қа жуық оқырман тұрақты келеді. Бүгін оқушылар үшін Қазақстанның табиғатына, экологиясына байланысты көрме ұйымдастырдық, – дейді №8 көпшілік кітапханасының меңгерушісі Жанна Айдарбекова.

№26 (4924) 05/03/2026 Бейсенбі



ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Кеше жалпы ұлттық коалиция өкілдері бірнеше жерде кездесу өткізді. Алғашқы кездесу Астана қаласындағы №115 «Келешек мектеп» ұжымымен өтті. Кездесуді Аманат партиясы Астана қалалық филиалы Есіл аудандық филиалының төрағасы Санира Жүсіпова жүргізді.

Шапағат ӘБДІР

Жиын барысында Жаңа Конституция жобасының негізгі бағыттары кеңінен түсіндіріліп, ұсынылып отырған өзгерістердің қоғам дамуына, ел болашағына және жас ұрпақ тәрбиесіне ықпалы жан-жақты талқыланды.

Кездесу барысында сөз сөйлеген ҚР Президенті жанындағы Ұлттық ғылым академиясының академигі, қалалық Қоғамдық кеңес мүшесі, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық құрылтай мүшесі Кәрімбек Құрманалиев қазіргі заман талаптарына сай құқықтық жаңғырудың маңыздылығына тоқталды.

Ол 90-жылдардан бергі қоғам өміріндегі өзгерістерді атап өтіп, бүгінгі күні ел өмірінің толық цифрландырылғанын айтты. Қазіргі таңда азаматтар мемлекеттік қызметтерді онлайн алады, қаржылық операцияларды цифрлық форматта жүзеге асырады, білім мен ақпаратқа еркін қол жеткізеді. Осындай қарқынды өзгерістер жаңа құқықтық нормаларды талап ететінін жеткізді.

«Мемлекет Конституция арқылы әр азаматтың цифрлық қауіпсіздігіне, жеке деректерінің қорғалуына және ақпараттық кеңістіктегі құқықтарының сақталуына кепілдік береді. Бұл – азаматтардың құқықтарын жаңа дәуір талаптарына сай қорғау» деді Кәрімбек Арыстанбекұлы.

Сонымен қатар, қазіргі күрделі геосаяси жағдайда Қазақстанның халықаралық беделін нығайту, тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтау бағытындағы стратегиялық қадамдардың маңыздылығын атап өтті. Жаңа Конституция ел дамуының жаңа кезеңін құқықтық тұрғыдан бекітетін құжат екені айтылған. Кездесу барысында ұстаздар қауымын алда келе жатқан Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаған «Елорда ақпарат» медиа холдингінің директоры Олжас Сыдықбек ұлттық құндылықтардың қоғам өміріндегі рөліне тоқталды.

«Қазақ халқы – ежелден үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, ұстазды қадірлеген халық. Осындай рухани құндылықтар – қоғамның тұтастығы мен беріктігінің негізі. Бүгінгі жаһандық өзгерістер кезеңінде ішкі тұрақтылық пен бейбітшіліктің маңызы арта түсті» деген Олжас Дәуренұлы «әр дәуірдің өз Конституциясы болады. Қазіргі цифрландыру, жасанды интеллект, ақпараттық қауіпсіздік секілді жаңа бағыттар негізгі заңда көрініс табуы тиіс. Бұл – уақыт талабы әрі болашақ алдындағы жауапкершілік» деп сөзін түйіндеді.

Одан кейін сөз алған Мәжіліс депутаты Павел Казанцев жаңа Конституция қабылдаудың тарихи алғышарттарына тоқталды.

Оның айтуынша, 1995 жылғы Конституция елдің әлемдік қоғамдастықта лайықты орын алу мақсатына негізделген болатын. Бүгінде бұл мақсат орындалды: Қазақстан халықаралық деңгейде мойындалған, саяси және экономикалық тұрғыдан қалыптасқан мемлекетке айналды.

Жаңа редакция негізгі құқықтар мен кепілдіктерді сақтай отырып, оларды заман талабына сай толықтыруды көздейді. Цифрландыру, киберқауіпсіздік, заманауи технологиялар – барлығы да негізгі заңда ескерілуі тиіс.

Спикер мемлекет те уақытпен бірге дамуы қажет екенін атап өтіп, жаңа преамбула Қазақстанның жетістігін айқындап, болашаққа бағытталған ұстанымын бекітетінін жеткізді.

Одан кейін коалиция өкілдері Астанада К.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университетінің қызметкерлерімен Жаңа Конституция жобасын талқылады. Жиынға жоғары оқу орындарының басшылары, заң саласының өкілдері және студенттер қатысты.

Кездесуді университеттің ректоры Ляззат Кемербекқызы ашып, Жаңа Конституцияның маңыздылығына тоқталды.

– Бүгінгі таңда еліміз қарқынды өзгерістер кезеңін бастан өткеріп отыр. Білім, ғылым, технология салалары жаңа сапалық деңгейге көтерілуде. Осындай жағдайда мемлекетіміздің Негізгі заңы да заман талабына сай жаңғыруы тиіс. Жаңа Конституция азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын одан әрі нығайтып, әлеуметтік әділеттілікті күшейтуге бағытталған. Бұл құжат – елдің тұрақты дамуы мен болашаққа сенімді қадам басуының кепілі, – деді ректор.

Одан кейін сөз алған «Maqsut Narikbayev University»-нің профессоры, заң ғылымдарының кандидаты Әлия Әлкенқызы Жаңа Конституция жобасындағы құқықтық жаңашылдықтарға тоқталып, құжатта азаматтардың құқықтарын қорғау тетіктері күшейтілгенін, заң үстемдігін қамтамасыз етуге басымдық берілгенін атап өтті. Ол жаңа заңның артықшылықтарын айтып, оның қоғам өміріндегі рөлін ерекше атап өтті.

«Тұран Астана» университетінің ректоры Гүлжамал Жапарова білім беру жүйесі мен құқықтық реформалардың өзара байланысына тоқталды.

– Университеттер – тек білім беретін орта ғана емес, азаматтық ұстаным қалыптастыратын алаң. Сондықтан Конституциялық өзгерістердің мәнін түсіндіру – ортақ міндет. Жаңа Негізгі заң елдің стратегиялық дамуын айқындап, жастарға жаңа мүмкіндіктер ашуға бағытталған, – деді ол.

Сонымен қатар, Астана қаласы мәслихатының депутаты, Amanat партиясы фракциясының жетекшісі Ғабит Қалиұлы Құрылтайдың Халық кеңесі ретіндегі артықшылықтарына тоқталды.

– Құрылтай – қоғам мен билік арасындағы ашық диалог алаңы. Бұл формат азаматтардың пікірін ескеруге, ұлттық мүдделерді кеңінен талқылауға және маңызды шешімдерді қоғамдық келісім негізінде қабылдауға мүмкіндік береді. Құрылтай халық үнін билікке жеткізетін тиімді тетікке айналды, – деді ол.

Кездесу барысында қатысушылар өз пікірлерін білдіріп, ұсыныстарын ортаға салды.

БАҚЫЛАУ СТРАТЕГИЯСЫН ҰСЫНДЫ

Қоғамдық байқау желісінің дайындық барысы мен жалпыхалықтық референдумды өткізуге әзірлік мәселелеріне арналған брифинг өтті. Іс-шараға «Дауыс» қоғамдық байқаушылар коалициясының төрағасы Төлеген Күнәділов, тең төраға Аян Сәлімгереев және Астана қаласы бойынша штаб жетекшісі Әлия Әубәкірова қатысты.

Брифингті ашқан Төлеген Күнәділов 17 ақпанда коалиция байқау жұмыстарына дайындықтың басталғанын ресми түрде жариялағанын атап өтті. Оның айтуынша, осы кезеңнен бастап ел аумағында заң талаптарына сай, кәсіби әрі жүйелі қоғамдық байқау тетігін қалыптастыру бағытында нақты жұмыстар қолға алынған.

Бүгінгі таңда «Дауыс» қоғамдық бақылаушылар коалициясына шамамен 190 үкіметтік емес серіктес ұйым кіреді. «Әр ұйым ортақ іске өз үлесін қосады: бақылаушыларды оқытуды ұйымдастырады, әдістемелік материалдарды дайындау және тарату жұмыстарын қамтамасыз етеді, сараптамалық және ұйымдастырушылық қолдау көрсетеді, өңірлік жұмысты үйлестіруге көмектеседі» деп атап өтті республикалық штабтың басшысы.

Қазіргі таңда коалиция құрамында шамамен 18 мыңға жуық байқаушы бар. Брифинг барысында байқаушылардың жинақталған әлеуметтік-кәсіби бейнесі таныстырылды: олардың 80 пайызы жоғары білімге ие, ал 67 пайызының байқау саласында үш жылдан астам тәжірибесі бар. Құрамында заңгерлер, оқытушылар, дәрігерлер, инженерлер мен кәсіпкерлер бар. Сонымен қатар референдумды бақылауға жастардың қызығушылығы мен белсенділігі артып отыр.

Спикердің айтуынша, байқаушыларды іріктеу және оқыту барысында бейтараптық қағидатын сақтау мен учаскедегі әдеп нормаларын қатаң ұстану – басты назарда. Барлық байқаушылар бірыңғай әдістеме негізінде даярлықтан өтеді. Оқыту бағдарламасы құқықтық түсіндіру жұмыстарын, дауыс беру күнінің модельдік сценарийін және есептік құжаттарды рәсімдеу тәртібін қамтиды.

Сондай-ақ брифинг барысында 15 наурыз күні сағат 06:00-де жұмысын бастайтын Республикалық ахуалдық орталықтың қызметі туралы айтылды. Орталық дауыстарды санау аяқталғанға дейін үздіксіз жұмыс істейді. Оның құрамында талдау тобы, құқықтық сарапшылар, жедел желі операторлары және жедел әрекет ету тобы бар. Бірыңғай жедел желі байланысы өз жұмысын жалғастыруда: +7 707 940 2171.

Дайындық жұмыстары аясында Төлеген Күнәділов Астана, Алматы, Қонаев және Талдықорған қалаларында болып, өңірлік штаб жетекшілерімен кездесулер өткізіп, оқыту семинарларына қатысты. Сонымен қатар облыстық штабтармен қашықтан кеңестер ұйымдастырылып, есептілік пен ақпарат алмасудың бірыңғай тетіктері пысықталды.

Брифинг қорытындысында спикер дайындық кезеңі дауыс беру күніне дейін жалғасатынын атап өтті.

«Дауыс» қоғамдық байқаушылар коалициясы

ЕРКІН ОЙЛЫ ЕҢБЕК АДАМДАРЫ

Бүгін Астанада «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін» жалпыұлттық коалициясының мүшелері Mabetex Group компаниясының құрылысшыларымен кездесті, деп хабарлайды Elordainfo.kz.



Жалпыұлттық коалиция мүшелері қатарында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Марат Бәшімов, Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден, қалалық мәслихат депутаты Владислав Сергеев, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Назгүл Мақжан, заң ғылымдарының докторы Ермек Әбдрасулов бар.

«Елімізде кеңінен талқыланып жатқан Конституция – сіз бен біздің қоғамға деген жанашырлығымыз, ұлтжандылығымыз. Болашақта балаларым қауіпсіз елде өмір сүріп, қызмет етіп, елінің патриоты болғанын қалаймын. Бұл – әрбір қазақстандық үшін тарихи сәт» деді Назгүл Мақжан.

Mabetex Group – Қазақстан нарығында 1996 жылдан бері жұмыс істеп келеді және еліміздің құрылыс саласында қызмет атқаратын ірі шетелдік компаниялардың бірі. Қалалық және мемлекеттік маңызы бар ондаған жобаны жүзеге асырып, бірқатар маңызды нысанның құрылысы мен қайта жаңғырту жұмыстарын атқарды. Компанияда 14 мыңға жуық қызметкер еңбек етеді.

Кездесу барысында олар жаңа Конституцияның құрылыс саласына тигізетін пайдасы туралы сұрақ қойды. Бұл сауалға жауап берген Табиғат Зейнұлқабден жаңа жобада еңбек адамдарының қауіпсіздігін арттыру, тұрмысын жақсарту жазылғанын айтты. «Бүгін спикерлер жаңа Конституция жобасын таныстырды. Мен жаңа жобаны қолдаймын. Жаңа Ата Заң біздің өмірімізді жақсартады. Көптеген салаға өзгерістер алып келеді. Сондай-ақ ол сыртқы саясатқа да әсерін тигізеді деп ойлаймын» деді компанияда 3 жылдан бері жұмыс істейтін инженер Дінмұхаммед Алтынбекұлы.

ӘР ДАУЫС – БІЗДІҢ БОЛАШАҒЫМЫЗ

«Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін» жалпыұлттық коалициясының мүшелері бүгін «Астана әлеуметтік технологиялар» қоғамдық бірлестігі мүшелерімен кездесті деп хабарлады Elordainfo.kz.

Қоғамдық бірлестік 1-2 топ мүгедектігі бар, соның ішінде тірек-қимыл аппараты мен психоневрологиялық бұзылыстары бар адамдарға әлеуметтік қызмет көрсетумен айналысады. Бүгінгі таңда ұйымдағы отыз қызметкер 310 адамға қызмет көрсетеді. «Қазір Қазақстан тарихи бетбұрыс кезеңінде тұр. Өздеріңізге мәлім, әлемде күрделі жағдай болып жатыр. Сондықтан жаңа Конституция жобасы Мемлекет басшысының жүйелі реформасының бірі деп біліңіздер. Бұл – халық пен өскелең ұрпақтың болашағы үшін жасалып жатқан маңызды құжат. Адамның құқығы жаңа Конституцияда қарапайым тілмен жазылған. Онда азаматтардың тегін медициналық қызметтерді алуға, орта білім алуға құқылы екендігі көрсетілген. Алда өтетін референдум халықтық деп аталып отыр. Жобада қоғамға көп көңіл бөлінген. Жаңадан құрылатын «Халық кеңесі» ол билік пен халық арасындағы алтын көпір болмақ. Олардың құрамында белсенді азаматтар, түрлі этнос өкілдері, өңірлердің мәслихат депутаттары болады. Олар халықтың мұң-мұқтажын жеткізумен айналысады. 15 наурызда референдум өтеді. Баршаңыз бір адамдай келіп, референдумға қатысып, еліміздің ертеңі, балаларыңыздың болашағы үшін дауыс берулеріңізді сұраймын» деді Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден.

Жалпыұлттық коалиция мүшелері қатарында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Марат Бәшімов, Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден, қалалық мәслихат депутаты Владислав Сергеев, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Назгүл Мақжан, заң ғылымдарының докторы Ермек Әбдрасулов бар. «Бір Отан, бір Қазақстан бізді біріктіреді. Менің белсенді болуыма себепкер болған – менің ерекше балам. Ертеңгі күні біздің балаларымыз қандай елде тұратыны біз бен сіздің бүгін қандай қадам жасауымызға байланысты. Сондықтан 15 наурыз күні сіздерді отбасыңызбен, жақындарымызбен референдумға атсалысуға шақырамын. Өйткені ертеңгі күніміз сіз бен бізге байланысты. Әр дауыс – біздің болашағымыз, соны ұмытпайық. Қазақстанымыз гүлденсін! Әділетті Қазақстанда өмір сүруге қадам жасайық!» деді Назгүл Мақжан.

№26 (4924) 05/03/2026 Бейсенбі



ЖОБАЛАР ІСКЕ АСАДЫ

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ бас кеңсесінде Қазақстан Республикасы Конституциясының жаңа жобасын түсіндіруге арналған кездесу өтті. ҚР Парламентінің депутаттары мен қоғам қайраткерлері сөз сөйлеген іс-шараға компания басшылығы мен қызметкерлері, еншілес кәсіпорындардың жетекшілері қатысты.

Алқалы жиында ҚР Парламенті Сенатының депутаты Бибігүл Жексенбай, Конституциялық комиссия мүшелері – ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұрат Әбенов, «Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры Дихан Қамзабекұлы және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ басқарма төрағасы Мейіржан Юсупов сөз сөйледі.

Кездесу барысында сенатор Бибігүл Жексенбай кәсіпорынның елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі және өнеркәсіптік дамудағы стратегиялық рөлін атап өтті. Ол Конституция жобасында ғылым мен инновацияға басымдық берілуі өндірісті жаңғыртуға, цифрлық технологияларды енгізуге және отандық өнімнің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға құқықтық негіз қалыптастыратынын айтты.

Сондай-ақ еңбек құқығын конституциялық деңгейде қорғау, цифрлық ортадағы қауіпсіздік пен экологиялық жауапкершілік мәселелері сөз болды. Сенатордың айтуынша, жаңа Конституция тұрақты әрі болжамды құқықтық орта қалыптастырып, ұзақ мерзімді индустриялық жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Кездесу соңында Бибігүл Жексенбай ұжым мүшелерін алдағы референдумға белсенді қатысуға шақырып, мемлекеттік институттардың сапасы ел экономикасының дамуына және әр азаматтың әл-ауқатына тікелей әсер ететінін атап өтті.

ПІКІР АЛМАСУҒА ҰЛАСТЫ

Астанада «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін» жалпыұлттық коалициясының Астана қалалық филиалы ТОО «АРОМАТ» ұжымымен кең ауқымды кездесу өткізді. Іс-шараға өндірістік кәсіпорын қызметкерлері, кәсіпкерлік саласының өкілдері және қоғамдық ұйым мүшелері қатысып, барлығы 100-ге жуық адам қамтылды.

ТОО «АРОМАТ» – тамақ өнімдерін өндіру және нарыққа жеткізу саласында жұмыс істейтін кәсіпорын. Компания сапалы және қауіпсіз өнім өндіруге, өндірістік процестердің тиімділігін арттыруға және отандық нарықты қолдауға бағытталған қызметімен ерекшеленеді.

Кездесуге Астана қаласы мәслихатының депутаты Нұржан Садырбаев, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің кеңесшісі Йылмаз Сафарауль, қоғам қайраткері Фарида Даримова және «Халық партиясының» өкілі Гүлдарина Нұрмағанбет қатысты.

Кездесу барысында конституциялық реформалардың негізгі басымдықтары жан-жақты түсіндірілді. Атап айтқанда, адам құқықтарын қорғауды күшейту, заң үстемдігін қамтамасыз ету, мемлекеттік басқару жүйесінің ашықтығын арттыру және экономикалық еркіндікті кеңейту мәселелері талқыланды. Сонымен қатар кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған құқықтық тетіктерді жетілдіру, шағын және орта бизнесті қолдау шараларын күшейту және өндірістік кәсіпорындардың тұрақты жұмыс істеуіне жағдай жасау қажеттілігі айтылды.



«Кәсіпкерлікті дамыту – экономиканың тұрақты өсуінің негізгі факторы. Шағын және орта бизнестің еркін жұмыс істеуіне құқықтық негіздер қалыптасуы қажет. Әділетті бәсекелестік, ашық нарық және кәсіпкерлердің құқығын қорғау – экономикалық саясаттың басты қағидаттары болуы тиіс» деді депутат Нұржан Садырбаев.

Кездесу ашық пікір алмасу форматында өтті. Қатысушылар өндірістік секторды дамыту, инвестициялық климатты жақсарту және мемлекеттік қолдау бағдарламаларының тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстарын жеткізді.

БАҒЫТЫ БӨЛЕК БАСТАМА



Астанада балалар ауруханасының ұжымына Конституциялық реформаның маңызды аспектілері түсіндірілді. №3 қалалық көпбейінді балалар ауруханада Amanat партиясының өкілдерімен кездесу өтті.

Жиында Астана қаласы әкімдігі Қалалық психикалық денсаулық орталығының директоры, Amanat партиясының мүшесі Қуаныш Алтынбеков медицина қызметкерлеріне Конституциялық реформа жобасының маңызды аспектілерін түсіндіріп берді.

Кездесу барысында Жаңа Конституция жобасында қарастырылған денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері талқыланып, медициналық қызмет көрсету жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері қарастырылды.

Сондай-ақ медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету – денсаулық сақтау саласының басты басымдықтарының бірі екені атап өтілді.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Конституция жобасының ережелерін түсіндіру және алдағы референдумды талқылау барысында «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін» жалпыұлттық коалициясының өкілдері елорданың абаттандыру және көгалдандыру компанияларының, «Астана Зеленстрой» және «Астана орманы» еңбек ұжымдарымен кездесу өткізді.



Іс-шараға Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Татьяна Савельева, Астана қаласы әкімінің орынбасары Евгений Глотов, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі Юсуп Келигов, «Жасыл ел» жастар еңбек бригадалары кеңесінің мүшесі Елдос Абаканов және Астана мәслихатының мүшелері Азамат Айтхожин мен Қанат Естек қатысты.

Кездесудің негізгі тақырыбы жаңа Конституция жобасының ережелерін түсіндіру және алдағы референдумды талқылау болды. Бұл тұрғыда Юсуп Келигов өз кезегінде қоғамдық келісім мен ұлтаралық бірліктің маңыздылығын атап өтті.

Халқымыздың ұлтаралық және конфессияаралық бірлігінің арқасында Қазақстан әрқашан бейбітшілік пен тұрақтылық аралы болды және солай болып қала береді. Біздің халқымыз әрқашан қажет болған кезде біріге алатын қабілетімен ерекшеленді. Осы бірліктің, біздің бірлігіміз арқасында біз 30 жылдан астам уақыт бойы бейбітшілік пен келісімде өмір сүріп келеміз. Мұндай табыстар мен жетістіктермен мақтана алатын елдер аз.

Кездесу соңында, коалиция өкілдері бизнес қызметкерлерін жаңа Конституция жобасын қолдауға және референдумға белсенді қатысуға шақырды.

РЕФЕРЕНДУМДЫ ҚОЛДАУҒА ШАҚЫРДЫ

Астанадағы NCITY сауда орталығында ҚР жаңа Конституциясының жобасына қатысты референдумды қолдау аясында 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесіне арналған арнайы іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шара Астана қаласы Amanat партиясы филиалының Әйелдер қанаты, «Ақ жол» партиясы Әйелдер қанаты және Respublica партиясы Әйелдер қанатымен бірлесіп өткізілді.



Жиынға үш саяси партияның әйелдер қанаттарының өкілдері, үкіметтік емес ұйымдардың жетекшілері, қоғамдық белсенді әйелдер, сондай-ақ шағын және орта бизнес өкілдері – әйел кәсіпкерлер, барлығы 500-ге жуық адам қатысты.

Салтанатты ашылу рәсімінде «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін» жалпыұлттық коалициясының Астана қалалық филиалының төрағасы Ерлан Каналимов, Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен және партиялық әйелдер қанаттарының жетекшілері құттықтау сөз сөйледі.

Іс-шара барысында ұлттық мәдениетті насихаттау мақсатында Aq bata этно-клубының ардақты әжелері ұлттық дефиле көрсетіп, қазақ халқының бай тарихы, терең мәдениеті мен көркем табиғатынан шабыт алған «Сарыарқа сәні» заманауи ұлттық киімдер топтамасы таныстырылды. Әйел кәсіпкерлігін дамытуға арналған жәрмеңке жұмысы өткізілді, онда шеберлер мен кәсіпкерлер өз қолөнер және қолмен жасалған өнімдерін таныстырды. Халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік ән шашу орындалды.

Іс-шара ұйымдастырушылары қатысушыларға, әртістерге және қонақтарға алғыс білдіріп, келе жатқан 8 наурыз мерекесімен құттықтады және ҚР жаңа Конституциясы бойынша референдумға белсенді қатысуға шақырды.

№26 (4924) 05/03/2026 Бейсенбі

САРАПШЫЛАР ТАЛҚЫСЫ

Astana Hub алаңында алдағы референдумға дайындық аясында жаңа Конституция жобасын талқылауға арналған сараптамалық кездесу өтті. Диалог алаңына ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, сарапшылар қауымдастығының өкілдері, жастар ұйымдарының жетекшілері, белсенділер, спортшылар және елордалық жоғары оқу орындарының студенттері қатысты.



Кездесуді ашқан Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен стратегиялық құжаттарды талқылауға жастарды тарту құқықтық мәдениет пен азаматтық жауапкершілікті қалыптастырудың маңызды тетігі екенін атап өтті.

«Бүгінде жас азаматтардың пікірін есту аса маңызды. Негізгі заңға енгізілетін нормалар мен құндылықтарды ертең жүзеге асыратын да жастар» деді ол.

Мәжіліс депутаты Айдос Сарым саяси жаңғыру мен халық егемендігі қағидатын нығайту мәселесіне тоқталды. Оның айтуынша, Конституция жобасы азаматтардың мемлекеттік басқаруға қатысу мүмкіндігін кеңейтіп, қоғамдық бақылау тетігін күшейтеді.

ҚР Президентінің телерадиокешені директорының кеңесшісі, Қазақстан Республикасы Президентінің телерадиокешені «Уәде» жобасының авторы Ерболат Мұхамеджанұлы цифрлық дәуір жағдайында ақпараттық ашықтық пен сенімнің маңызын атап өтіп, заманауи реформалар қоғам мен мемлекет арасындағы белсенді диалогты талап ететінін айтты.

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің проректоры Индира Рыстина жаңа Конституция жобасында білім мен ғылым мемлекеттің ұзақмерзімді дамуының негізгі тірегі ретінде айқындалғанын жеткізді.

Ассамблея жастары республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Тимур Жұмырбаев бүгінгі жастар қоғамдық өзгерістердің белсенді қозғаушы күші екенін айтты.

Қазақстандық қоғамдық даму институтының басқарма төрайымы Жұлдызай Ысқақова отбасы институтына қатысты түзетулер туралы қозғап өтті.

ӘСКЕРИ МАМАНДАР ЖАҢА ЖОБАМЕН ТАНЫСТЫ

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5573 әскери бөлімінде Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясының жобасын талқылауға арналған кездесу өтті. Диалогқа мерзімді қызмет сарбаздары, сержанттар, офицерлер және бөлімшенің басшылық құрамы қатысты. Әскери қызметшілердің алдында депутаттар сөз сөйлеп, заң жобасының негізгі тармақтары туралы егжей-тегжейлі айтып берді және жеке құрамды алдағы референдумға қатысуға шақырды.

Әскери қызметшілермен кездесуге Мәжіліс депутаты Дәулет Тұрлыханов қатысып, халықтың назарына ұсынылған жаңа Конституция жобасы қоғамның әділдік пен нақты өзгерістерге деген сұранысын көрсететінін атап өтті.

– Егер бұрынғы Негізгі заң мемлекет құру міндеттеріне жауап берсе, жаңа жоба – азаматтардың қалауы бойынша қалыптасқан нағыз халықтық Конституция, – деді депутат.

Құжат 11 бөлім мен 96 мақаланы қамтитыны бөлек аталды. Онда мемлекет адамға қызмет етуі керек, керісінше емес деген принцип бекітілген. Сондай-ақ спикер Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Парламенттің атын Құрылтай деп өзгерту туралы бастамасын еске салып, бұл атаудың тарихи сабақтастығын атап өтті.

– Құрылтай – халқымыз үшін қасиетті ұғым. Тағдырлы сәттерде құрылтайда маңызды шешімдер қабылданды, – деді депутат.

Жобаға сәйкес, Құрылтай 145 депутаттан тұрады және еліміздің жоғарғы заң шығарушы органы болады. Бұдан басқа, Мемлекет басшысының өкілеті мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, биліктің үздіксіздігін қамтамасыз ететін тетік – вице-президент институтын енгізу көзделген.

Мәслихаттардың, этномәдени бірлестіктердің, саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіретін жаңа институт – Қазақстан халқы кеңесін құру мәселесі – бөлек әңгіме. Әскери қызметшілерге арнаған сөзінде халық қалаулысы геосаяси тұрақсыздықтың қазіргі жағдайындағы армияның рөлін атап өтті.

Жаңа Конституцияның жобасы бойынша Астана қаласы мәслихатының депутаты Кендебай Адамбек те пікір білдірді. Ол 1995 жылғы Конституция шамамен 30 жыл бойы күшінде болғанын және осы уақыт ішінде мыңнан астам өзгертулер енгізілгенін еске салды.

Сонымен қатар Кендебай Адамбек әскердегі қызмет жас жігіттің өміріндегі маңызды кезең екеніне тоқталды.

– Мемлекет әскери қызметшілерге жағдай жасайды. Жоғары оқу орындарына конкурссыз тегін түсуге мүмкіндік бар. Бірақ бәрінен бұрын әркім өз еліне қызмет етуі керек, сонда мемлекет қамқорлық көрсетеді, – деді ол.

Кездесу соңында депутаттар жеке құрамды 15 наурызда референдумға қатысуға шақырды. Жүздесу ашық диалог форматында өтті. Әскери қызметшілер өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, жаңа Конституция жобасының негізгі ережелері бойынша толық түсініктеме алды.

Екатерина ТЫЩЕНКО

ӨРТ СӨНДІРУШІЛЕР ОЙЫ ӨЗЕКТІ

Мәслихат депутаттары ашық талқылау форматында қалалық өрт сөндірушілермен кездесу өткізді. Жеке құрам алдында Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия мүшесі Зұлфухар Ғайыпов сөз сөйледі.



Ол елдің тұрақтылығын қамтамасыз етудегі құтқарушылардың ерекше рөлін атап өтті. Айтуынша, мемлекеттегі бейбітшілік пен тыныштық көбінесе әскери қызметшілерге, күш құрылымдарының қызметкерлеріне және өрт сөндіру бөлімі сияқты бөлімшелерге байланысты. Кездесу барысында депутат Негізгі заңның жаңа редакциясын дайындау себептеріне егжей-тегжейлі тоқталды. Қоғамда өзгерістердің қажеттілігі және Конституцияның неге қайта түзетіліп жатқаны туралы сұрақтар туындайтынына тоқтала келе, З.Ғайыпов Америка Құрама Штаттарында Конституция 250 жылдан астам уақыт бойы қолданыста болғанын және осы уақыт ішінде оған 27 түзету енгізілгенін, алайда Федеративті құрылымға ие 50 штаттың әрқайсысының өз заңнамасы бар екенін, бұл Негізгі заңға өзгерістер енгізбестен аймақтық деңгейде көптеген мәселені реттеуге мүмкіндік беретінін атап өтті. Сонымен бірге Германия Федеративті Республикасы 1949 жылы құрылғаннан бері Негізгі заңға мыңдаған өзгеріс енгізілді. Соңғы жылдары Франция мен Норвегия сияқты елдердің конституцияларына да өзгерістер енгізілді.

– Бастапқыда 44 мақалаға өзгерістер енгізу жоспарланған болатын. Алайда 6 айлық жұмыс барысында тапсырмалардың ауқымын ескере отырып, түзетулер 70-тен астам мақаланы қамтыды. Нәтижесінде мәтіннің шамамен 84 пайызы жаңарды. Түбегейлі өзгерістердің бірі елдің тәуелсіздігі мен егемендігіне баса назар аудару болды. Егер қолданыстағы редакцияда «тәуелсіздік» және «егемендік» сөздері екі рет қолданылса, онда жаңа редакцияда бұл ұғымдар алты рет бекітілген. Сонымен қатар «билік көзі – халық» деген ережеден кейін халықтың билігі туралы мақалада халықтың егемендіктің иесі екені туралы тұжырым қосылды, – деді Зұлфухар Ғайыпов.

Жаңа редакцияда азаматтардың құқығына қатысты ережелер нақтыланатынын айта отырып, комиссия мүшесі әр адамның еңбек қызметін өз бетінше таңдау құқығы туралы норма алғаш рет тікелей бекітілгенін, тиісті бапта Қазақстанның кез келген азаматы еңбекті еркін таңдауға құқылы екені жазылғанын атап өтті.

БАСТЫ БАҒДАРЫ – АДАМ ҚҰҚЫҒЫ

«Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясының өкілдері «Тұран» газ жылу станциясы ұжымының жұмысшыларымен жүздесті. Кездесу барысында жаңа Конституция жобасының мазмұны, оның артықшылықтары мен ел дамуына ықпалы кеңінен талқыланды.

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Amanat партиясы партиялық бақылау комитетінің төрағасы Павел Казанцев өз сөзінде Конституция тек құқықтық құжат қана емес, қоғам мен мемлекет арасындағы өзара сенімнің кепілі екенін атап өтті.

«Жаңа Конституция азамат пен мемлекет арасындағы жауапкершілікті нақтылай түседі. Бүгінде әлем жылдам өзгеруде. Сондықтан мемлекет басқару жүйесі де икемді, ашық әрі әділетті болуы тиіс. Ұсынылып отырған өзгерістер билік тармақтарының тепе-теңдігін күшейтіп, шешім қабылдау үдерісін халық мүддесіне жақындатады. Бұл – болашаққа бағытталған жүйелі қадам» деді ол.

Астана қаласы мәслихатының депутаты, «Ақ жол» партиясы Астана қалалық филиалының төрағасы Асқар Смағұлов саяси реформаларға тоқталып, вице-президент институты қарастырылмайтынын, оның орнына қоғамдық келісімді нығайтатын құрылтай форматының маңызы артатынын айтты. Maqsut Narikbayev University профессоры, заң ғылымдарының кандидаты Әлия Оразбаева Конституциядағы адам құқығының қорғалуы мәселесіне кеңінен тоқталды.

Астана қаласы мәслихатының депутаты, Amanat партиясы фракциясының жетекшісі Ғабит Тәжімұратов өз сөзінде жаңа Конституцияда адам құқығы басты орында екенін атап өтті.

«Ұсынылып отырған өзгерістер азаматтардың құқығын қорғауды күшейтіп қана қоймай, оларды цифрлық дәуір талаптарына бейімдейді. Ақпараттық қауіпсіздік, жеке деректерді қорғау, тең мүмкіндік қағидаттары – барлығы да жаңа кезеңнің шынайылығына сай қарастырылған. Адам құқығы – мемлекеттің негізгі басымдығы» деп сөзін түйіндеді ол.

БЕЛСЕНДІ ЖАСТАР БІРГЕ

Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында еліміздің жаңа Конституция жобасын түсіндіру және талқылауға арналған кездесу ұйымдастырылды. Жиынға жастар ұйымдары, депутаттар, заңгерлер және қоғам қайраткерлері қатысты. Кездесуді қорытындылай келе, қатысушылар жаңа Конституцияның ел дамуына әсері туралы өз пікірлерін білдірді.

Астана қаласы мәслихатының депутаты Бауыржан Тілеубергенұлы еліміздің технологиялық, ғылыми және білім беру салаларындағы жетістіктерін атап, жаңа Конституцияның осы күштілікті одан әрі нығайта түсетінін айтты.

«Elorda Aqparat» ЖШС директоры, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Олжас Сыдықбек бұрынғы Конституция өз міндетін атқарғанмен, жаңа заманға жаңа Конституция қажет екенін және құжат қоғам мен биліктің бірлесе жұмыс істеуіне жол ашатынын жеткізді. Ол референдумға қатысу әр азаматтың құқықтық және азаматтық жауапкершілігі екенін де атап өтті.

«Әр заманның өз Конституциясы болады. Бұрынғы Конституция өз міндетін атқарды, бірақ жаңа заманға жаңа Конституция қажет. Ғалымдар, заңгерлер, депутаттар мен қоғам қайраткерлері бірлесе отырып, құжатты жетілдіріп, талқыға салды. Енді 15 наурыздағы референдумда жаңа Конституцияға дауыс беру – әр азаматтың құқықтық және азаматтық жауапкершілігі. Бұл – мемлекетке, қоғамға және өзімізге сенімділікті көрсету» деді Олжас Дәуренұлы.

«Қазақстан жастары конгресінің» атқарушы директоры Бақдәулет Жанділдаев волонтерлік қызметті қолдау, ер мен әйелдің тең құқығы, отбасы институтына құрмет және әр азаматтың еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық көрсету сияқты жаңа нормаларды атап, олардың жастардың азаматтық белсенділігін арттыратынын, қоғам тұрақтылығын күшейтетінін айтты.

Сонымен қатар Amanat партиясы жанындағы «Жастар рухы» Астана қалалық филиалының төрағасы Арсланбек Мағзұм, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Amanat партиясы партиялық бақылау комитетінің төрағасы Павел Казанцев және Maqsut Narikbayev University профессоры, заң ғылымдарының кандидаты Әлия Оразбаева жастарға жаңа Конституциядағы құқықтық жаңғырулар мен азаматтардың құқығын қорғау тетіктерін кеңінен түсіндірді.

№26 (4924) 05/03/2026 Бейсенбі





КИБЕРҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАЛАЙ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕМІЗ?

Астана қаласы Сарыарқа ауданы прокуратурасының ұйымдастыруымен «Заң және тәртіп» қағидаты аясында Мемлекеттік академиялық филармонияда «Киберқауіпсіздік, жасанды интеллект: заманауи қатерлер және қорғану тәсілдері» тақырыбында форум өтті. Іс-шараға қаладағы мектеп оқушылары мен мұғалімдері қатысты. Жиында қоғамдық қатынастың қарқынды цифрландырылуы, киберқылмыс санының артуы және кәмелетке толмағандардың цифрлық ортаға тартылуы жағдайында киберқауіпсіздік мәселелерін қалай шешуге болатыны айтылды.

Райхан РАХМЕТОВА

Спикерлер ретінде Кибер шабуылдарды талдау және тергеу орталығы, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, Киберполиция, сондай-ақ прокуратура органдарының өкілдері қатысты. Олар азаматтардың кибергигиена бойынша тұрақты дағдысын, құқықтық санасын және ақпараттық кеңістікте жауапты мінез-құлқын қалыптастыру құқық бұзушылықтардың алдын алу және «Заң мен тәртіп» идеологемасын іске асырудың маңызды міндеті екенін алға тартты. Мамандар форум барысында интернет-алаяқтықтың кең таралған түрлері, дропперлік, жеке деректерді қорғау, цифрлық технологиялар мен ЖИ саласындағы заңдылықты сақтау мәселелері туралы толық мағлұмат берді.

– Бүгінде цифрлық кеңістік күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналды. Бұл мәселенің көп уақытын ғаламторда әлеуметтік желі қараумен, түрлі ойын ойнаумен өткізетін балалар мен жасөспірімдерге де қатысы бар. Сондықтан интернет-алаяқтық құрығына олар да жиі түсіп қалады. Кибергигиена мәдениетін және әрбір интернет қолданушының жеке жауапкершілігін қалыптастыруға ерекше мән беріледі. Осы ретте бүгінгідей іс-шаралар цифрлық ортада азаматтардың қауіпсіз әрекет ету машықтарын қалыптастыруға септік етеді, – деді Сарыарқа аудандық прокуратурасының аға прокуроры Әлихан Кусниденов. Ол ғаламтордағы кез келген қылмыстық әрекеттер жазасыз қалмайтынын жеткізді. Сонымен қатар ғаламтордан түрлі ойындарды, өнімдерді сатып алу барысында да банк шоттарын, басқа да деректерін беруде өте абай болу керектігін ескертті. Сонымен қатар интернет-алаяқтық әрекеттеріне барғандарды қандай қылмыстық жаза күтетінін тізбектеп айтып берді.

Форумда ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі сарапшы маман Азамат Тастеміров әлеуметтік желіні, электронды поштаны және басқа да интернет алаңдарды қауіпсіз пайдалану, олардың құпия сөзін күрделі етіп құрастыру және басқа да сақтық шаралары туралы баяндады. Ол өте мұқият әрі күрделі құрастырылған құпия сөз көптеген қауіптен сақтайтынын жеткізді. Келесі спикер – Астана қаласы ПД аға жедел уәкілі, полиция капитаны Қонысбек Айдар интернет-алаяқтық белгілері мен азаматтарға келіп түсетін түрлі күмәнді қоңыраулар, криптовалютамен инвестиция салу арқылы азаматтардан ақша жымқыру және басқа да өзекті мәселелер бойынша қалай сақтану керектігі туралы қатысушыларға ақпарат берді. Сонымен қатар Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің бас маманы Нұргүл Алипова да агенттікке түсіп жатқан шағымдардың көбі алаяқтықпен байланысты екенін жеткізді. Ол мұның себебін қаржылық сауаттылықтың жоғы және адамдарға сенгіштікпен байланыстырды.

АЙЫППҰЛ АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ ЖАЗЫЛАДЫ

12 наурыздан бастап елімізде Әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне енгізілген жаңа өзгерістер күшіне енеді. Айыппұлдар автоматты түрде тіркеле бастайды. Ішкі істер министрлігі бұл өзгеріс Цифрлық кодекс аясында енгізіліп жатқанын хабарлады.

Енді рөлде телефон ұстап немесе белдік тақпай отырсаңыз, оны полиция емес, камера анықтайды. Техникалық байқау мерзімі өтіп кетсе де, жүйе автоматты түрде тіркейді.

Бұған дейін жол ережесін бұзудың 6 түрі автоматты түрде тіркеліп келді. Оның ішінде жылдамдықты арттыру, бағдаршамның тыйым салынған белгісіне өту, жол белгілері мен таңбаларын сақтамау, тоқтау және тұру қағидаларын бұзу, озу ережесі бар. Енді оларды тіркеудің үш тәсілі қарастырылады. Бейнекамералар бұрынғыдай жұмыс істей береді. Тек бұдан былай рульде телефон пайдалану немесе қауіпсіздік белдігін тақпау сияқты әрекеттерді де арнайы автоматты жүйе анықтайды.

Заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес, бұған дейін автоматты түрде тіркеу көбінесе жылдамдық асырған немесе қызыл жарыққа өткен жүргізушілерге қатысты қолданылса, енді цифрлық жүйелер арқылы кез келген әкімшілік құқықбұзушылық анықталып, айыппұл дереу жазылады.

Мамандардың мәлімдеуінше, әкімшілік құқық бұзушылықтың бірыңғай тізілімі жүйесімен біріктірілген мемлекеттік деректер базаларын пайдалану құжаттарға қатысты бұзушылықтарды автоматты түрде анықтауға мүмкіндік береді, яғни техникалық байқаудың мерзімінің өтуі, сақтандыру полисінің болмауы, қаруды сақтау рұқсаты мерзімінің аяқталуы, кейбір бұқаралық ақпарат құралдарында таралған автоматты камералар жаяу жүргіншілерді жауапкершілікке тартады деген ақпарат шындыққа сәйкес келмейді.

Әкімшілік кодекстің 31-бабында цифрлық жүйелер арқылы анықталған құқықбұзушылықтар бойынша хаттама толтырмай-ақ, тікелей айыппұл салу қарастырылған. Мұндай жағдайда деректер әкімшілік өндірістің бірыңғай реестрімен интеграцияланған жүйелер арқылы өңделеді.

Демек, заң талаптары өзгермейді, тек оларды тіркеу тәсілдері жаңартылады. Ал жүргізушілер жаңа жүйе күшіне енсе айыппұлдар қарша борайды деп санайды. Себебі дауыл, қар, жаңбыр кезінде камералардың жаңылыспауына ешқандай кепілдік жоқ.

– Айыппұл шын мәнінде көп. Осыған байланысты біз бұл камералардың құрылымы



қалай болатынын, олардың қалай жұмыс істейтінін біз әлі білмейміз. Себебі әртүрлі жағдайлар бар. Сонымен қатар елордада ауа райы құбылмалы. Айыппұл дәл сізге келетініне кепілдік бермейді. Бір білетінім, енді айыппұлдар көбейеді. Өйткені қазір жүргізушілердің дені телефонда отырады, қауіпсіздік белбеуін де барлық адам бірдей таға бермейді, мүмкіндігінше сақтанып жүруге, құқық бұзбауға тырысамыз, – деді қалалық жүргізуші Ербол Маратұлы.

IT мамандарының айтуынша, мұндай жүйелер Сингапур, Оңтүстік Корея, Қытай секілді әлемнің бірқатар елінде қолданылады. Алайда оның тиімділігі тек жылдамдығында емес, әділдігінде, ашықтығында, техникалық сенімділігіне негізделуі тиіс. Кез келген цифрлық жүйе сияқты бұл да хакерлық шабуылға осал болуы мүмкін. Жеке деректердің ұрлануы, жазбаны бұрмалау секілді қауіп бар. Сондықтан осы мәселелер үкіметтің басты назарында болуы керек.

Өзгерістер қала көшелеріндегі «Сергек» тәрізді бақылау жүйелерінің функционалын кеңейтеді. Бұрын бейнежазбалар негізінен дәлел ретінде қолданылса, енді ұсақ құқықбұзушылықтар үшін бірден автоматты түрде айыппұл салуға мүмкіндік туады.

Сарапшылардың пікірінше, Қазақстанда енгізілген өзгерістер жаңа құқықбұзушылық түрлерін енгізбейді, тек оларды анықтау мен әкімшілендіру тәсілін өзгертеді. Яғни күнделікті байқалмай келген ұсақ заң бұзушылықтарды енді инспектор емес, цифрлық жүйе анықтап, айыппұлды бірден жазып отырады.

САЛЫҚ КОДЕКСІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР ТҮСІНДІРІЛДІ

Астанада «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасын іске асыру аясында жаңа Салық кодексіне қатысты түсіндіру жұмысы жүргізілуде. Кездесулерді Байқоңыр ауданының прокуратурасы мен қалалық Мемлекеттік кірістер басқармасы ұйымдастырды.

Іс-шаралар түсіндіру-профилактикалық сипатқа ие және халық пен кәсіпкерлік субъектілерін салық заңнамасындағы негізгі өзгерістер туралы хабардар етуге, сондай-ақ оның талаптарын бірізді түсінуді қалыптастыруға бағытталған.

Кезекті түсіндіру кездесуі «Астаналық» сауда орталығының аумағында өтті. Уәкілетті органдардың өкілдері жаңа Салық кодексінің негізгі ережелерін және оны практикалық қолдану тәртібін түсіндірді.

– «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасын іске асыру аясында аудан прокуратурасының бастамасымен және Мемлекеттік кірістер басқармасы мен аудан әкімдігінің қолдауымен кәсіпкерлік субъектілерін Салық кодексінің жаңа ережелері туралы ақпараттандыруға бағытталған түсіндіру-профилактикалық іс-шара өткізіп отырмыз. Кездесулерді өткізу үшін шағын және орта бизнес субъектілері шоғырланған сауда орталықтары, базарлар мен бизнес-орталықтар әдейі таңдалады, – деді Байқоңыр ауданы прокуратурасы бөлімінің прокуроры Қазбекби Берғалиұлы.

Оның айтуынша, мұндай кездесулердің негізгі мақсаты – алдын алу шараларын қабылдау және құқық қолдану тәжірибесін дұрыс қалыптастыру. Іс-шара барысында 100-ден астам кәсіпкер қамтылды.

«Салық заңнамасындағы жаңа нормаларды кәсіпкерлерге дер кезінде жеткізу маңызды, бұл болашақта құқық бұзушылықтардың алдын алуға мүмкіндік береді. Біз негізгі өзгерістерді, оларды қолдану тәртібін түсіндіріп, туындаған сұрақтарға жауап береміз. Кәсіпкерлерде нормативтік құжаттардың үлкен көлемін зерделеуге уақыт жиі жетіспейді, сондықтан түсіндіру жұмысының түрлі форматтарын, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қолданылады және жеке кездесулер өткіземіз» деді прокурор.

Мұндай кездесулер ашық диалог форматында өтіп, кәсіпкерлерге қажетті кеңесті қолжетімді түрде алуға мүмкіндік береді.



ҚОҒАМДЫҚ СЕНІМНІҢ НЕГІЗІ

Астанада Азаматтық бастамалар орталығында «Қоғамдық сенімнің негізі – заң мен тәртіп» тақырыбында ашық есік күні өтті.

Қалалық Ішкі саясат басқармасының қолдауымен ұйымдастырылған іс-шараның мақсаты – халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру, қоғамдық сенімді нығайту.

Ашық консультациялық алаңда үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, белсенді тұрғындар кәсіби заңгерден «құқықтық рецепттер» форматы бойынша тегін жедел кеңестер алды. Атап айтқанда, шарттар мен міндеттемелерді түсіндіру, айыппұлдар бойынша кеңес беру, тұрмыстық және азаматтық-құқықтық дауларды шешу, кәсіпкерлік қызмет саласындағы құқықтық мәселелер, «Заң мен тәртіп» бағыты бойынша кеңестер берілді.

– Адамдар көбіне үкіметтік емес ұйым құрарда, оны қалай ашуға болады, тіркелу шарттары туралы білгісі келеді. Сондай-ақ айыппұлдар мәселесінде көп сұрақ туындайды. Конституциялық реформа бойынша сұрақтарға жауап береміз. Біз осы тұрғыда заңнамалық кеңес береміз. Сонымен қатар жұмысымызды «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы негіздерін түсіндірумен ұштастырамыз. Өйткені қоғамдық ұйымдар мемлекеттік органдар мен халықтың арасындағы алтын көпір ғой, сондықтан оларға елімізде болып жатқан саясатты жеткізіп және соның негізінде қандай жағдайлар жасалып жатқанын айтамыз. Мемлекеттік шешімдерге қатысуға, белсенді болуға үндей отырып, олардың мемлекет алдындағы жауапкершілігі жайлы түсіндіреміз. Неғұрлым белсенді азаматтар көп болса, біздің қоғамымыз да әрі қарай дамитын болады, – деді орталық заңгері Айсұлу Сванқұлова.

Бетті дайындаған **Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ**

№26 (4924) 05/03/2026 Бейсенбі

Жасыратыны жоқ, ойын-сауық технологиялары мен әлеуметтік желілер жан дүниемізді жаулаған заманда баланы кітап оқуға қызықтыру, жасөспірімдердің кітап оқу мәдениетін көтеру деген мәселе күн тәртібінен түспейді. Қазіргі балалар осыдан 30-40 жыл бұрынғы балалармен салыстырғанда айтарлықтай кітапты аз оқиды. Бұл құбылыстың себебі көп.



Төлен ТІЛЕУБАЙ

БАЛАНЫҢ КІТАП ОҚУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛАЙ КӨТЕРЕМІЗ?

Ең алдымен, әр баланың ой-санасын бірден жаулап алатын ойын-сауық техникасы мен гаджеттер шамадан тыс көбейді. Соның әсерінен альфа буын виртуалды әлемде «өмір сүреді»: сол жерде ойын ойнайды, бір-бірімен қарым-қатынас жасайды. Кітап оқуға құлығы да, мұршасы да жоқ. Екінші бір себеп, қазір тез шаршап қалатын балаларды ата-анасы сабақтан соң қосымшаға, секцияға, үйірмеге апарады. Күні бойы стреспен жүретін баланың кітап бетін ашуға мүлдем уақыты жоқ. Үшінші бір себеп, үйде әке-шешесі кітап жинамайтын, оқымайтын баланың да кітапқа қызығушылығы болмайды. Үлкендер әр бөлмеде бір-бір смартфонына үңіліп отырса, балалар да гаджетке кіндігімен байланады. Тағы бір себеп, қазір кітап көбейсе де, баланың ой-өрісіне сәйкес келетін көркем-әдеби кітаптар аз. Әр бала оқыған шығармадан бас кейіпкер ретінде өзін көргісі келеді. Баланың жасына, талғамына қарай оқығысы келетін көркем әдебиет тапшылығы мәселені ушықтыратыны анық. Біз айта бермейтін тағы бір себеп – кітап оқу құндылығын бала санасының деңгейінде түсіндірудің жетіспеушілігі. Осы тақырыпты тереңірек талдауға тырысып көрейік.

ОЛАРДЫҢ ОЙ-ӨРІСІНЕ САЙ КІТАП АЗ

Жоғарыда тізбелеген себептердің ішінен баланың ой-өрісіне, қабылдауына сәйкес келетін кітаптар аз дегенге тоқталайық. Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева Қызылордадағы Ұлттық құрылтай аясында өткен әлеуметтік-даму секциясының жиынында: «Еліміздегі кітапханаларда оқитын кітап аз деуге болады. Өйткені осы отыз жылда бір автордың кітабы жүз, екі жүз, тіпті мың рет шыққан деректер бар. Атауын өзгертіп қайта-қайта шығара береді. Біз әр кітапхананың кітап қорын зерделеп шықтық. Шынымен, мұндай өкінішті жағдайлар көп кездесті. Балалар өзі оқығысы келіп, іздеген кітабын таба алмайды. Балалардың кітапқа қызығушылығын арттырғымыз келеді, бірақ олардың сұранысын қанағаттандыратын дүниелер жоқтың қасы. Ол үшін толық деңгейде жағдай жасай алмай келе жатқанымызды ашық айтуымыз керек» деп бар шындықты жайып салды. Бір автордың кітабы 1000 рет шыққан! Бұл сөзді өзге емес, сол кітаптарды шығаратын, сүзгіден өткізетін құзырлы министрлік басшысының өзі айтты. Әрине, бір автордың кітабы мемлекеттік тапсырыспен қайта-қайта шыға берсе, балалар өзі іздеген кітабын қайдан табады?! Ал біз болсақ: «Неге қазақ балалар әдебиетін дамытуға дұрыс көңіл бөлінбейді?» дейміз.

Қазақ балалар әдебиетінің елеусіз қалғаны рас. Қазір бұл салаға жыл сайын қомақты қаражат бөлінуде. Балаларға арналған кітаптар шығып жатыр. Бірақ аздаған данамен шығатын кітаптар барлық балаға жетпейді. Қазір елімізде 20 миллионнан асатын халық тұрады, соның ішінде 7 миллионға жуығы – 18 жасқа дейінгі балалар. Өзіңіз ойлаңызшы, 7 млн балаға 1-2 мың дана кітап жете ме? Мысалы, өркениетті елдерде қаражатты ең алдымен балалардың білім алуына, рухани жағынан өсуіне, балалар әдебиетіне салады.

Біздегі балалар әдебиетінің елеусіз, немқұрайды қалған сала екеніне нақты мысал келтірейін. Авторды қолдау дегенді біз байқау өткізу деп түсінеміз. Құзырлы министрлік балалар шығармаларына арналған байқау өткізіп, жеңімпаздарды марапаттайды, олардың шығармалары бір-екі газет-журналға шығады. Сонымен іс бітті. Ал бұл үрдіс тоқтамау керек. Байқауға қатыса алмаған қаншама автор бар. Олардың кітаптарын кім шығарады? Дүкендерге кім апарады? Насихат жұмысы қалай жүргізіледі? Маркетинг жоқ жерде авторды қолдау деген сөз – жай ғана қанатбелгі үшін жасалған іс. Мысалы, әр өңірден балалар тақырыбына жазатын авторларды жинап алып, соларға тапсырыс беру керек. Прозалық, поэзиялық шығармалар жазсын. Өйткені балаларға қазір бәрі керек. Сондықтан құзырлы министрлік алдағы уақытта балалар әдебиетін шынайы қолдайтын бағдарлама жасап, оны ашық, әділ түрде жүзеге асырса, жағдай өзгереді. Авторларды ынталандыру деген мәселе бар. Жас жазушыларға шабыт, ынта, ықылас беретін қолайлы жағдай туғызсақ құба-құп. Қазір балалар тақырыбына жазып жүрген ақындар да, жазушылар да бар. Сол таланттардың шығармашылық жағынан дамып-жетілуіне дұрыстап көңіл бөлсек – әңгіме басқа. Шынайы көңіл, жанашырлық болған кезде балалар әдебиеті дамиды. Мысалы, 1 мың данамен шыққан кітап бір ғана облысқа таралып кетеді. Бірақ 1 мың кітаптың (оны демеуші есебінен немесе өз ақшаңа шығарсаң) өзін сату, тарату оңай емес. Көбінесе орыс, өзге тілдерден аударылған, мазмұны жас балаға түсініксіз кітаптар нарықты жаулап жатыр. Бір жағынан бизнес қой. Бірақ қазақ автордың өзі жазған көркем шығармаларды көп тиражбен шығаруға ең алдымен көңіл бөлінсе құба-құп.

ҚАНДАЙ ШЫҒАРМАМЕН ҚЫЗЫҚТЫРАМЫЗ?

Әлеуметтік желілер күн сайын жарқ-жұрқ еткен дүниелермен баланың назарын өзіне аударып жатқан заманда қандай қызықты шығарма жазылуы керек? Қазіргі балалар әдебиетіндегі өзекті мәселенің бірі – оларға арналған жаңа, қызықты, заманауи көркем шығармалар жеткіліксіз. Оларға арналған көркем шығарма қызықты, шағын, ұнамды болса ғана әр баланың көңілінен шығады. Бұл үдеден шығатын шығарма жазу оңай емес. Ал қиын деп қол қусырып отыра берсек, қазақ балаларын басқа тілдегі авторлар қызықтырып, өзіне тартып алады. Онсыз да кітап оқуға құлықсыздық басым болып тұр. Сонда қандай шығармалар жазылуы керек?

Ең алдымен шағын әңгімелер, шағын ертегілер, қызықты өлең-жырлар, заманауи комикстер көптеп шығарылса нұр үстіне нұр болар еді. Мысалы, ұлттық комикстерді дамытуды жапондардан үйренуге болады. Жапон балалары 300 беттік мангаларды бас көтермей оқиды. Себебі ол – балаға өте қызықты шығарма. Суретпен және мәтінмен берілген хикаялар әр жапон баласының жүрегінен орын алған. Ұлттық комикс дегеніміз осы. Ұлттық құндылықтарды балалардың санасына сіңірудің ең оңай, ең тиімді жолы. Ұлттық құндылықтар мен заманауи трендтердің арасындағы байланысты сақтаймыз десек, әр бала оқырманның ұлттық дүниетанымын қалыптастыратын шығармалар көптеп шығарылса ұтарымыз анық. Комикстердің аудармасы деген де мәселе бар. Ол аудармаларды белгілі бір сүзгіден өткізетін көркемдік кеңес, құзырлы комиссия жоқ. Әркім өз шамасына қарай аударып, шығарып жүр. Меніңше, осы бағыттарға Үкімет те, балалар жазушылары да дұрыстап көңіл бөлетін уақыт келді. «Аруна» баспасы шығарған кітаптардың мазмұны шағын, қағазы қалың, бағасы қымбат. Әр үйдің балалары сатып алып, оқи алмайды. Иллюстрациялық кітаптарға Бэтмен, Өрмекші адамды емес, заманауи ұлттық қаһармандарымызды бейнелесек, ұтамыз. Мәселен, орыстың «Маша мен аю», мысықтар туралы мультоптамасын қазақ балалары неге тапжылмай отырып тамашалайды? Онда ізгілік, мейірім, адамгершілік тақырыбы менмұндалап тұрады. Баланың мейірімге сусаған жүрегінің шөлін басады. Ол өнімнің қай тілде болғаны маңызды емес, бір көргеннен ұнаса, қайталап та көре береді. Сол сияқты балаға бір көрген кезде шынайы ізгіліктің дәнін себетін аниме, комикс, иллюстрация өнімдеріне кітап дүкендерінің сөрелерін толтырып тастасақ, балалар да бірден қызығады. Қазақ балалар әдебиетінде тақырып жетерлік. Тек сол тақырыпты баланың талғамына сай ұсынуға келгенде дағдарыс бар. Жасандылық көзге ұрып тұрады. Әрине, бізге Логикомикс сияқты өнім жасау қиынға соғады. Бірақ ниет етсек, бәрін де іске асыруға болады.

Бала күн сайын не оқыса, не көрсе – соған еліктейді. Психикасы солай. Мысалы, телеөнімдерді алайық. «Balapan»-дағы «Тоқты мен Серке», «Жібек», «Ертемір», «Айдар», «Аралар отбасы» сияқты мультфильмдерді, «Расулдың хикаялары», «Тентек», «Теңбіл доп» сияқты телехикаяларды қазақ балалары қызығып көріп жүр. Олардан өзге өнімдер болмаған соң, қайталап қояды. Кішкентай көрермендер де қайталап көре береді. Біраз уақыттан кейін одан жалығып, басқа тілдегі телеарналарға ауысады. Мысалы, шетел тілінен аударылған «Элвин және алақоржындар» деген мультоптама балаға да, үлкенге де әрқашан қызықты. Себебі баланың психикасына қарай жалықтырмайтын, өзіне тартып алатын оқиғалардан құралған. Яғни балалар аудиториясының сұранысына нағыз келетін дүниені әлемдік нарыққа шығарған. Кітап өнімдерін де осылай сұранысқа сай шығаратын кез келді.

ЖАҚСЫДАН ҮЙРЕНЕМІЗ ДЕСЕК...

Біз көбінесе салыстырғанды ұнатамыз. Кітап оқуға баланы қызықтырудағы Оңтүстік Кореяның озық тәжірибесіне үңіліп көрейікші. Балалар әдебиеті – бұл елде креативті экономиканың өнімі. Балаларға арналған шығармалар авторлары мен балалар кітапханаларын қолдау, балалардың кітап оқу мәдениетін көтеру арқылы әлемдегі алдыңғы орынға шықты. Соның дәлелі: оңтүстіккореялық балалар жазушылары мен иллюстраторлары Андерсен сыйлығы, Астрид Линдгрен сыйлығы, Opera Prima, Bologna Childrens Book Fair, Bologna Ragazzi Award сияқты халықаралық ең беделді сый-марапаттарды иеленіп жүр. 2024 жылы әдебиетті дамытуға қосқан үлесі үшін кәріс жазушысы Нобель сыйлығын алды.

Енді бұл елде балалар кітабын шығару, насихаттау қалай дұрыс жолға қойылды дегенге келейік. XX ғасырдың ортасынан бастап білім беруге, әдебиетті өркендетуге бет бұрған Оңтүстік Корея ең алдымен оқитын ұлтқа айналу үшін балалар кітапханаларын дамытты. 2003 жылы елдегі МВС телеарнасы «Ғажайып кітапхана» деген бағдарлама жасап, эфирге шығарды. Осы жоба аясында тек балаларға арналған кітапханалар ашылды. Оның бірыңғай басқару жүйесі мен қаржы моделі жасалды. Негізінен, бұл жобаға жекелеген ауқатты адамдар қаржы бөлді. Іле-шала Мәдениет, спорт және туризм министрлігі «Кітапхана жүйесін дамытудың кешенді жоспарын» әзірлеп, соның аясында жұртшылыққа кез келген уақытта ашық тұратын кітапханалар желісін құрды. Әсіресе өңірлердегі балалар кітапханалары желісі тез дамыды. 2006 жылы Сеулде кітапхана ісі және ақпарат жөніндегі ең ірі халықаралық конгресс өтіп, Оңтүстік Корея үкіметіне бұл саланы жетілдіруге керемет ықпалын тигізді. Көп ұзамай елдегі ұлттық кітапханалар туралы заң қайта қаралып, кітап оқуға жәрдемдесу туралы жаңа заң қабылданды. Бұған қоса, тікелей ел президентіне бағынатын Кітапхана-ақпарат комитеті құрылды. Одан әрі кітап оқу мәдениеті туралы, мектепке дейінгі ұйымдар және мектеп кітапханаларын дамыту туралы заңдар шықты. Мысалы, күн сайын мектептерде «10 минут кітап оқу» деген жоба үздіксіз іске асып келеді. Онда балалар қызықты суреттері бар шағын кітапшаларды жарысып оқиды. Кәріс кітапханашылары ата-аналармен, қоғаммен тығыз, жылы қарым-қатынас орнатқан. Олар күн сайын бір радио, телеарнаға тікелей эфирге шығып, балаларға арналған шығармаларды талдайды. Кореяда кітап оқыған балаларды ынталандыру, қызықтыру деген нәрсеге үкімет, жергілікті билік, мектеп, ата-ана болып мұқият көңіл бөледі. Балаларға арналған көркем шығармаларды насихаттайтын көптеген қауымдастық, кітап клубы бар. Үкімет жүргізетін саясаттың бірі – әлеуметтік ахуалы төмен, мүгедектігі бар, қартайған жандарға арналған бөлек бағдарлама. Елдегі 90-нан астам бұқаралық кітапхана осы салаға барлық күш-жігерін жұмсап, кітап оқу мәдениетін көтеруге үлес қосады.

Бізге үлгі болатын тәжірибенің бірі – кітапханашылар мен арнайы шақырылған нұсқаушылар жергілікті жерлердегі балалар орталықтарына, мектептерге арнайы барып, балаларға кітап оқу мәдениеті туралы дәріс өткізеді. Осы бағдарламаға Оңтүстік Корея үкіметі әр кітапхана үшін 3500 АҚШ доллары көлемінде тұрақты ақша бөледі. Бұл қаражаттың көп бөлігі жаңадан шыққан кітаптарды сатып алуға, нұсқаушылардың еңбекақысын төлеуге жұмсалады. Балалар мен жастарға арналған ұлттық кітапхана жыл сайын оқырман сыныптары мен кітап оқу бағдарламаларын табыспен бітірген балаларды, жасөспірімдерді марапаттайды. Бұқаралық кітапханаларда қысқы, көктемгі, жазғы каникул кездерінде «BookStart», «Оқиғаны әңгімелеу», «Кітапты ойнату», «Кітап клубтары», «Кітап оқу сабағы» сияқты бағдарламалар жүзеге асырылады.



№26 (4924) 05/03/2026 Бейсенбі



ТАЯУ ШЫҒЫСТАҒЫ ШЫРҒАЛАҢ

> АҚШ пен Израильдің Қарулы күштері Тегеранның ядролық және зымырандық мүмкіндігін жоюды мақсат еткен Иран аумағындағы ауқымды операциясын бастағалы бері Таяу Шығыстағы геосаяси ахуал күрт шиеленісті. Әуе соққылары мен стратегиялық нысандарға бағытталған шабуылдар аймақтағы қауіпсіздік теңгерімін өзгертіп, халықаралық қауымдастықтың алаңдаушылығын арттырды. Сарапшылар бұл қадам өңірдегі күштер арақатынасына ғана емес, жаһандық энергетика нарығы мен қауіпсіздік жүйесіне де ықпал етуі мүмкін деп қауіптеніп отыр.

Таяу Шығыстағы бұл шиеленіс халықаралық қауымдастықтың сынына ұшырады. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Антониу Гутерриш АҚШ-тың әрекетін қатаң айыптап, Тегеранның аймақтағы елдерге қарсы шабуылын олардың егемендігі мен аумақ тұтастығын бұзу деп атады. Бас хатшы ұйымға мүше мемлекеттердің бір-біріне қарсы күш қолдануға тыйым салатын жарғыға сәйкес халықаралық құқықты сақтауға шақырды. Еуроодақ, Қытай, ТМД, Солтүстік Африка, Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттері де дәл осындай пікір білдірді. Дегенмен кейбір елдер Тегеранды аймақтағы тұрақсыздықтың негізгі факторы деп атап, қақтығыстың өршуіне оның да жауапты екенін алға тартты. Осылайша халықаралық қауымдастықтың ұстанымы қазір екіге жарылып тұр.

«БАС КЕСУГЕ» БАҒЫТТАЛҒАН СОҚҚЫ

АҚШ-тың Орталық қолбасшылығы (CENTCOM) «Эпикалық қаһар» операциясының алғашқы 24 сағатында Иран аумағындағы 1000-нан астам нысан жойылғанын мәлімдеді. Әуе және теңіз күштерінің соққылары, ең алдымен, Тегеранның басқару және бақылау инфрақұрылымына, әскери-теңіз базаларына, баллистикалық зымыран қондырғыларына және барлау жүйелеріне бағытталды. Ресми мәліметке сәйкес, бұл қадам қарсы тараптың әрекетін үйлестіру және жедел жауап беру мүмкіндігін шектеуді көздеген. Сонымен қатар әскери қолбасшылық пункттері мен жоғары дәрежелі қолбасшылардың орналасқан орындары да нысанаға алынған. 3 наурыз күні Иранның саяси кеңесінің 88 делегаты жаңа саяси басшылықты анықтау үшін дауыс беріп жатқан сәтте ғимаратқа соққы жасалғаны хабарланды. Ал Иран тарапы «Саяси кеңестің өкілдері зардап шеккен жоқ. Соққыға дейін барлық азаматты эвакуациялап үлгердік» деп мәлімдеді.

Батыс ақпарат құралдарының жазуынша, операцияның стратегиялық мақсаты тек әскери әлеуетті әлсірету ғана емес, Иранның жоғарғы саяси-әскери басшылығына қысым көрсету болған. «Financial Times» басылымы Израиль барлау қызметі соққыларға дейін Тегерандағы бейнебақылау жүйелеріне жасырын түрде қол жеткізіп, жоғары лауазымды тұлғалардың қозғалысын бақылауда ұстағанын хабарлады. Сондай-ақ Әли Хаменеидің резиденциясы маңындағы байланыс инфрақұрылымына кедергі жасалып, қауіп туралы ескертудің дер кезінде жетуіне тосқауыл қойылған. Дегенмен ресми Тегеран бұл ақпараттарды толық растаған жоқ.

Хаменеидің өлтірілуін Иран «қызыл сызықтан өту» деп бағалап, кектің қызыл жалауын көтерді. Батыл жауап қайтарып, Израильмен қатар АҚШ-тың Таяу Шығыстағы әскери базаларына соққы жасады. Деректерге сәйкес, ирандық зымырандар Израильдің Қорғаныс армиясы Бас штабының ғимараты, Тель-Ноф әуе базалары және Тель-Авивтегі қорғаныс өнеркәсібінің нысанына дейін жеткен. Сонымен қатар Иран Таяу Шығыста орналасқан АҚШ-тың 27 әскери базасын атқылаған. Кейбір елдердегі порттарға, мұнай кешендеріне де соққы жасалды. Осы соққыларға байланысты Парсы шығанағы елдері (Қатар, Сауд Арабиясы, Біріккен Араб Әмірліктері, Кувейт, Оман және Бахрейн) Иранға шабуылды «тоқтат», әйтпесе қарымта жауап береміз деп ескерту жасады.

Хаменеидің және басқа да жоғары шенділердің көзі жойылғанмен, Иранның АҚШ пен Израильге қарсы ұстанымы өзгермейтін секілді. Керісінше, ел ішінде де шабуыл жасаған елдерге деген наразылық күшейе түскен. Кеше аятолла Хаменеидің ұлы Моджтаба Хаменеи Иранның жаңа жоғары көсемі (аятолласы) болып тағайындалғаны мәлім болды. Ендеше ол да әкесінің жолынан ауытқып, Батыстың қолайына жағатын саясат ұстана қоюы екіталай.

СОҒЫС ЕМЕЙ НЕМЕНЕ?!

Бір қызығы, қазіргі заманда екі елдің әскері қиян-кескі шайқасып жатса да, бастамашы тарап мұны «соғыс» деп атаудан қашады. Сол сияқты АҚШ Иранмен арадағы қақтығысты ресми түрде соғыс деп жариялаған жоқ. 3 наурыз күні Ақ үй Иранға қарсы жасалып жатқан іс-қимылдар «соғыс» емес, ауқымды әскери операция екенін мәлімдеді.

Қақтығыстың қашан тоқтайтыны белгісіз. Иранға соққы жасалғаннан кейін Пентагон басшысы Пит Хегсет «Ирандағы соғысты бастаған АҚШ емес, бірақ аяқтайтын АҚШ болады» деп мәлімдеген еді. Трамп болса «Біз Иран флотын жойып жатырмыз және ирандық 12 кемені атып қираттық. Соққылар 4-5 аптаға созылады деп отырмыз, бірақ одан да ұзаққа жалғасуы мүмкін. Біз қажет болғанша соғысуға дайынбыз. Бізде әлемдегі ең қуатты армия бар. Қанша уақыт қажет болса да, біз мақсатымызға жетеміз» деді. Ал Израиль Премьер-министрі Нетаньяху «Ирандағы әскери операция көпке созылмайды» деп мәлімдеді.

Қалай десек те, екі ел де қақтығыстың ұзаққа ұласуына мүдделі емес. Өйткені соғыстың созылуы аймақтағы тұрақсыздықты тереңдетіп, мұнай нарығындағы дүрбелеңді күшейтеді және халықаралық қысымды арттырады. Бұған қоса, ұзаққа созылған әскери науқан ішкі саяси және экономикалық шығынды көбейтіп, одақтастармен қарым-қатынасқа салмақ түсіруі мүмкін. Сондықтан тараптар әскери мақсатқа қысқа мерзім ішінде қол жеткізіп, стратегиялық басымдықты бекітуге ұмтылып отыр.

ҚОС ТАРАПТЫҢ ШЫҒЫНЫ

Пентагон басшысы Пит Хегсет 2 наурыз күні журналистерге Иран зымыраны тактикалық операциялар орталығына түсіп, 4 американдық сарбаз қаза тапқанын мәлімдеді. «Бізде қуатты әуе қорғаныс жүйесі бар. Алайда кейде «сытылып кеткен зымырандар да болады» деді ол Пентагонда сөйлеген сөзінде.

Ал Израильде қанша адам қаза тапқаны туралы нақты мәлімет жоқ, тек қақтығыс басталған алғашқы күні Иерусалимге жақын орналасқан Бейт-Шемеш қаласына жасалған зымыран соққысы салдарынан 9 адам көз жұмғаны хабарланған еді.

Қызыл Жарты Ай ұйымының мәліметінше, 3 наурызға дейін АҚШ пен Израильдің Иранға жасаған әуе шабуылдарынан кем дегенде 800 адам қаза тапқан. Мұның арасында Иранның оңтүстігіндегі Минаб қаласында қыздарға арналған бастауыш мектепке жасалған Израиль соққысынан қаза тапқан 172 оқушы бар.

Қақтығыс кезінде Кувейттің әуе шабуылынан қорғану жүйелері қателесіп, АҚШ-тың 3 бірдей F-15 жойғыш ұшағын атып түсіргені туралы мәлімет тарады. Оның біреуінің құны нұсқасына қарай шамамен 80-100 миллион АҚШ доллары көлемінде бағаланады. Мұндай шығын тек қаржы тұрғысынан ғана емес, әскери беделмен одақтастар арасындағы үйлестіру мәселесі тұрғысынан да үлкен салмақ түсіреді.

БҰҒАЗ БҰЫЛСА НЕ БОЛАДЫ?

Таяу Шығыстағы жағдай Ормуз бұғазы арқылы өтетін жаһандық жеткізу тізбегіне тікелей әсер етті. Ормуз бұғазының ені – 33 шақырым, кеме жүретін бөлігі – 3,7 шақырым. Күніне осы қылдай аралықтан 21 миллион баррельге дейін мұнай өтеді. Бұл – дүние жүзі тұтынатын мұнайдың шамамен 20 және сұйытылған газдың 30 пайызы. Оман, Біріккен Араб Әмірліктері, Қатар, Бахрейн, Кувейт, Ирак, Сауд Арабиясы үшін энергетика экспортының негізгі бағыты.

Иран тарапы қақтығыс басталған сәттен бастап бұғаз арқылы кемелердің өтуіне шектеу қойды. Нақтырақ айтқанда, Иран Ормуз бұғазы арқылы өтуге әрекет еткен кез келген кемеге шабуыл жасауға дайын екенін, бұғаздан бір тамшы да мұнай өткізбейтінін мәлімдеді. Бұйрыққа бағынбай өтпек болған 3 мұнай танкері соққыға ұшырап, аймақтағы қауіпсіздік ахуалы күрт нашарлады. Салдарынан бірқатар халықаралық тасымалдау компаниясы рейстерін уақытша тоқтатып, сақтандыру төлемдері бірнеше есе өсті.

Қазір бұл бұғаз арқылы, негізінен, Қытай мен Иранға тиесілі немесе осы елдермен байланысты кемелер ғана өтіп жатқаны айтылады. Ал басқа мемлекеттердің танкерлері балама бағыттарды қарастыруға мәжбүр. Алайда балама инфрақұрылым Ормуз бұғазы арқылы өтетін көлемді толық алмастыра алмайды.

Бұғаз буылғаннан кейін Еуропада газдың мың текше метрінің бағасы 700 доллардан асты. Бұл – кейінгі 3 жылдағы ең жоғары көрсеткіш. Бағаның бір аптаға жетпейтін уақыт ішінде құбылып шыға келуіне Қатардың Рас-Лаффан қаласында орналасқан Qatar Energy энергетика нысаны Иран дронның соққысынан зақымданғаннан кейін табиғи газ өндірісін тоқтатуы себеп болғанын да айта кеткен жөн. Сонымен қатар Еуропадағы газ сақтау қоймаларының толымдылығы 30%-дан төмендеуі де бағаның өсуіне себеп.

Иран сонымен қатар БАӘ, Сауд Арабиясы сынды мұнай өндіруші елдердің мұнай инфрақұрылымына соққы жасауда. Бұл да мұнай бағасының өсуіне ықпал етіп, Brent маркалы қара алтынның нарықтағы бағасы 13 пайызға өсіп, барреліне шамамен 85 долларға жеткен. Бұл – кейінгі 4 жылдағы ең жоғары өсім. Сарапшылар жағдай осылай жалғаса берсе, мұнай бағасы 120-150 долларға дейін көтерілуі мүмкін деп болжап отыр.

Қысқасы, Таяу Шығыста тұтанған қақтығыс аймақтық тәкәтірестен әлдеқайда асып, жаһандық қауіпсіздік архитектурасына, энергетика нарығына және халықаралық құқық жүйесіне тікелей ықпал етіп отыр. Егер тараптар қысқа мерзімде саяси шешімге келмесе, бұл тек Иран мен АҚШ немесе Израиль арасындағы тәкәтірес болып қалмай, бүкіл өңірді қамтитын кең ауқымды дағдарысқа ұласуы мүмкін.

Бетті дайындаған **Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ**

ЖАҺАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

АУҒАНСТАН МЕН ПӘКІСТАН АРАСЫНДАҒЫ ҚАҚТЫҒЫС

> Бір аптадан бері Ауғанстан мен Пәкістан арасындағы әскери қақтығыс жалғасып жатыр. БҰҰ мәліметінше, соңғы 5 күндегі екі ел арасындағы атыс салдарынан кемінде 42 бейбіт тұрғын қаза тауып, 104 адам жараланған.

Соңғы жылдардағы ең ірі екіжақты қақтығыс Талибан билігінің жауап ретінде жасалған соққысынан басталды. Бұл Пәкістанның бұған дейін Ауғанстан аумағында қарулы топтарға қарсы жүргізген операциясына жауап ретінде жасалған. Өткен аптада Пәкістан талибандардың әскери нысандарына әуе-жер зымырандарын ұшырып, алғаш рет тікелей Талибан үкіметіне соққы жасаған. Исламабад Ауғанстан билігін қарулы топтардың ел аумағын пайдаланып, Пәкістанға шабуыл жасауына жол берді деп айыптады.

САҚТЫҚ ПА, СЕС КӨРСЕТУ МЕ?

> Франция президенті Эммануэль Макрон «Франция ядролық қару санын көбейтеді» деп мәлімдеді. Осылайша бұл ел 1992 жылдан бері алғаш рет қару санын арттыруды жоспарлап отыр.



Ол Еуропа елдерін жаңа стратегиялық қорғаныс жүйесін құруға шақырып, Кәрі құрлық өз қауіпсіздігі үшін жауапкершілікті күшейтуі тиіс деп мәлімдеді. Қазір Францияда 290 оқтұмсық бар, әлем бойынша төртінші ірі арсеналға ие. 2020 жылы Ұлыбритания Еуроодақ құрамынан шыққаннан кейін, Париж одақтағы жалғыз ядролық держава болып қалды.

ӨЗБЕКСТАННЫҢ ҚАРЫЗЫ КӨБЕЙДІ

> 2025 жылдың қорытындысы бойынша Өзбекстанның мемлекеттік қарызы 6,6 млрд долларға өсіп, 46,8 млрд долларға теңелді.



Бұл көрсеткіш 2024 жылмен салыстырғанда 16,5%-ға көп. Осыған қарамастан мемлекеттік қарыздың ішкі жалпы өнімдегі үлесі 35%-дан 31,9%-ға дейін төмендеді. Яғни былтыр Өзбекстан экономикасының өсім қарқыны жоғары болды.

№26 (4924) 05/03/2026 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ
9 НАУРЫЗ

QAZAQSTAN

5:30 Әнұран
5:35 «Көңіл толқыны»
6:00 «Қанатсыз құстар» телехикаясы
7:00 «Гүл сыйлайық анаға» концерті
9:00 «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ» телехикаясы.
10:00 «Сезім мен серт» телехикаясы.
12:00 «Сағындырған әндер-ай!»
14:15 «Тақия» көркем фильмі (Қазақстан, 2023 ж.)
16:00 «Қыздың жолы» телехикаясы.
17:00 «Жан анам» мерекелік концерті
18:00 «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» телехикаясы.
20:00 «Көрінбейтін еңбек» арнайы жобасы
20:30 «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ» телехикаясы.
21:25 «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ» телехикаясы.
22:15 «1001 ТҮН». Тікелей эфир
23:15 «Қыз тағдыры» телехикаясы.
0:05 «Тұлға» деректі фильмі
0:35 «Жан анам» мерекелік концерті
2:05 «Көрінбейтін еңбек» арнайы жобасы
2:35 «Әскери арулар» арнайы жобасы

05:00 Телехикая «Фатмагүл»
07:00 «Оян!»
09:00 «Арнайы репортаж»
09:30 Телехикая «Шырмалған тағдыр»
11:30 «Ата заң»
12:30 Мелодрама «Госпожа горничная»
14:30 Мультсериал «Турбозавры»
15:00 Концерт «Әлемнің жарығы»
17:00 Кино. «Жыным сол 2»
19:00 Новости
19:30 Телехикая «Шырмалған тағдыр»
21:30 Жаңалықтар
22:00 Телехикая «Достық 13»
23:00 Концерт «Әлемнің жарығы»
00:30 Телехикая «Фатмагүл»

ASTANA TV

06.00 «Сөнбеген жалын» телехикаясы
06.40 «Алпарслан 2» телехикаясы
09.00 «Үкім» телехикаясы
10.15 «Қорғансыздар 2» телехикаясы
11.50 «Семья» к/ф
15.40 «Таптым-ау сені 2» к/ф
17.30 «Ханзада Жумонг» телесериал
19.00 «Шаншар»
20.00 «Үкім» телехикаясы
21.00 «Қорғансыздар 2» телехикаясы
22.00 «Сөнбеген жалын» телехикаясы
23.30 «Ханзада Жумонг» телесериал
00.50 «Алпарслан 2» телехикаясы

П@YTINA

6:00 «П@YTINA» бағдарламасы
7:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
8:30 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ВТОРОЙ ШАНС»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 Многосерийный фильм
1:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
1:30 «ЛИЧНАЯ ЖИЗНЬ СЛЕДОВАТЕЛЯ САВЕЛЬЕВА». Многосерийный фильм
2:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
3:45 «П@YTINA» бағдарламасы

КТК

7:00 ҚР ӘНҰРАНЫ
7:05 «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ», ойын-сауық бағдарламасы
7:15 «ГҮЛ СЫЙЛАЙЫҚ АНАҒА», аналарға арналған ән-шашу (қайталау)
8:50 «КУӘ БОЛ» или «СҰЛУ БОЙЖЕТКЕН» махаббат мюзиклі (қайталау)
10:30 «СТОЛИЧНАЯ ШТУЧКА», мелодрама (повтор)
14:00 «ЦВЕТ СТРАСТИ», мелодрама
16:40 «ДЖАМАЙКА», мелодрама
18:30 «ОДНАЖДЫ В ЧУКУРОВА», турецкая мелодрама.
21:00 «БЕЗ ТЕБЯ», мелодрама.
23:00 «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. ПОЛЯРНЫЙ КОНВОЙ», криминальный боевик
0:50 «ДЖАМАЙКА», мелодрама (повтор)
2:20 «ӨКІНБЕ СЕН», өзбек телехикаясы (қайталау)
5:20 «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ»

31

06:00 «Әзіл студио»
07:00 «Time Vine»
07:30 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
09:00 Мультсериал «Губка Боб»
09:50 «Пингвины Мадагаскара»
10:40 «Семейка Адамс» (повтор)
12:20 КИНО. Акнур Рахат «Жұмбақ қыз»
14:10 «Хроники Нарнии» (повтор)
17:00 «Капитан Марвел» (повтор)
19:20 «Принц Персии: Пески времени»
21:30 «Вестсайдская история»
00:40 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
02:40 «Time Vine»
03:00 «TikTok show»
04:00 «Әзіл студио» ойын-сауық бағдарламасы
04:20 «1001 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
04:30 Телевикторина «BALA BATTLE»
05:20 «Ризамын» ойын-сауық бағдарламасы

7

6:00 Әнұран
6:02 «Шымкент-шоу». Әзіл-сықақ театры
6:52 «Тастамашы, ана!». Телехикая
9:40 Саулықтың сыры. Бағдарлама
10:00 «Жеті гүл» к/ф
12:00 «ПРАЗДНИК РАЗБИТЫХ СЕРДЕЦ
14:00 «ЖҰМБАҚ ҚЫЗ» к/ф
16:00 «Ыстық ұя» к/ф
18:00 «ЧЕРНАЯ ЛЮБОВЬ». Телесериал
20:00 «ВЕТРЕНЫЙ». Телесериал
22:00 «ҮЗІЛГЕН ЖАПЫРАҚТАР». Телехикая
23:40 «Жұмбақ қыз» к/ф
1:30 «Тазалық уақыты». Реалити-шоу
2:20 «Тек қана қыздар»
3:00 Гүл-гүл шоу
3:50 Жарқыраған жұлдыз
4:30 Жұлдызды шаңырақта
5:00 Япырай
5:20 Өсекшілер

НТК

07.00 «Разминка»
07.15 Телехикая «МЕЗГІЛСІЗ СЕЗІМ»
08.10 Телехикая «Достық 99»
08.30 «INSTA LIKE»
09.00 «ЩЕНЯЧИЙ ПАТРУЛЬ» (мультсериал)
